В Казахстане презентован интеллектуальный, тактильно-графический планшет, который расширит возможности для образования слабовидящих детей стр. 5

Бүгінде Ақмола облысының білім беру жүйесінде 1322 білім беру ұйымы жұмыс істейді, онда 22 мыңнан астам педагог білім беруде. Облыстың 2023 жылғы бюджет көлемі қандай, нендей қарқынды істер атқарылды? 6 бет

Сәт сайын өзгеріп жатқан әлемде өмір сүріп жатқандықтан өмір көшінен қалып қоймай, әлемде болып жатқан өзгерістерге ілесе алатын ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күні ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр 9 бет


# БІЛІМДІ ЕЛ
## ОБРАЗОВАННАЯ СТРАНА
Республикалық білімділік қоғамдық-саяси газеті

№21(371) | сейсенбі | 6 маусым 2023 Басылым 2014 ж. маусымының 18-інен бастап жарық көреді www.bilimdinews.kz


# Алматы: Лучшая олимпийская команда-2023!




**По итогам этого учебного года сборная города Алматы выиграла Гран-при республиканской олимпиады по общественно-гуманитарному направлению. 30 призовых мест – 9 золотых, 11 серебряных и 10 бронзовых медалей. По итогам республиканской олимпиады по естественно-математическому направлению сборная команда Алматы заняла 43 призовых мест: 9 золотых, 14 серебряных и 20 бронзовых медалей – и в командном зачете стала первой, завоевав награду «Лучшая олимпийская команда-2023».**

Управление образования города Алматы придает большое значение образованию одаренных детей, повышению интеллектуально-творческого потенциала учащихся. В республиканских конкурсах научных проектов команда Алматы ежегодно демонстрирует готовность к интеллектуальной борьбе и свои способности, проявляя себя в числе лучших исследователей Казахстана. Молодые исследователи города Алматы ежегодно показывают лучшие результаты по республике.

Олимпийская команда города Алматы на протяжении более 20 лет является «Лучшей олимпийской командой РК» по итогам республиканских олимпиад – и это огромная гордость города.

Одаренные школьники города Алматы принимают активное участие в престижных международных интеллектуальных олимпиадах, достойно представляют страну в мировом образовательном пространстве. Эти достижения происходят благодаря непрерывным поискам, труду педагогов и учащихся, эффективно организованной работе центра по выявлению одаренных детей и талантливой молодежи «Алматы дарыны» Управления образования города Алматы. Так, впервые в истории робототехники Казахстана на мировом чемпионате в категории Vex Spin Up в США сборная команда г. Алматы вошла в топ-10 и заняла лидирующую позицию среди 80 команд в своем дивизионе. Соревнование проходило с 25 апреля по 4 мая 2023 года в городе Даллас (США).

Сразу три номинации завоевали казахстанские школьники на всемирном чемпионате FIRST World Championship, прошедшем в американском городе Хьюстон.

Особую награду Core Values Award за высокий энтузиазм, дух сотрудничества и взаимоуважение в самой младшей возрастной категории от 6 до 10 лет получила команда Adeptus Mechanicus из Алматы. В ней учащиеся начальных классов, их проект стал одним из лучших среди всех представленных инновационных проектов и технических разработок.

Команда Play 4 Energy из школы LEAS завоевали высокую техническую награду Robot Design Award в средней возрастной категории от 10 до 16 лет. Ребята продемонстрировали превосходные навыки программирования и инженерии, создав высокопрочного и эффективного робота со способностью выполнения сложных задач.

Высокой судейской награды Motivate Award Finalist в старшей возрастной категории от 12 до 18 лет удостоилась команда AENTA из РФМШ города Алматы. Помимо создания и зрелищной игры роботов, ребята активно продвигают STEM-культуру и внедряют принципы FIRST в своей школе. Члены международного жюри отметили, что алматинская команда продемонстрировала высокий профессионализм на мировой арене.

**Ляззат ТУРКЕСТАНОВА**


**Құрметті оқырман, «Білімді ел – Образованная страна» республикалық білімділік газетіне 2023 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу басталды!**

Жазылымды «Қазпошта» АҚ барлық бөлімшелері, сондай-ақ post.kz сайты мен мобильді қосымшасы арқылы онлайн түрде рәсімдеуleріңізге болады, жазылу индексі – **64603.**

**2023 жылдың 2 жартыжылдығына жазылу бағасы:** 4380,00 теңге (қала), 4483,20 теңге (ауыл).

*Ардақты педагогтер, білім беру ұйымдарының басшылары мен сала қызметкерлері, оқушылардың ата-аналары, сүйікті газеттеріңізге жазылуға асығыңыздар!*

Жазылу ИНДЕКСІ 64603

**Уважаемые читатели, началась подписка на второе полугодие 2023 года на республиканскую образовательную газету «Білімді ел – Образованная страна»!**

Вы можете оформить подписку во всех отделениях АО «Казпочта», а также онлайн на сайте и в приложении post.kz, подписной индекс – **64603.**

**Стоимость подписки на 2 полугодие 2023 года:** 4380,00 тенге (город), 4483,20 тенге (село).

*Дорогие педагоги, руководители и работники организации образования, родители учащихся, спешите оформить подписку на любимую газету!*

ҚР ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

# Республикалық спартакиада басталды

**Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының хабарлауынша, техникалық және кәсіптік білім беру педагогтері арасында республикалық спартакиада басталды.**

Оған Қазақстанның 18 облысынан 740 педагог қатысады. Шара Абай облысының Семей қаласында спорттық ойынның 5 түрі бойынша өтеді: волейбол, баскетбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ және футзал.

– Бұрын соңды колледж педагогтері арасында мұндай спартакиада болмаған. Өткен жылы алғаш рет ұйымдастырылып, қатысушылар тарапынан жақсы қолдау тапты. Биыл бұл шара жалғасын тауып, колледж педагогтері белсенділіктерін көрсетіп жатыр. Бұл әр өңірдегі колледж педагогтері арасында достық пен ынтымақтастықты дамытып, өзара тәжірибе алмасуды көздейді, – дейді Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының директоры Сағдат Садықов.

7 күнге созылатын республикалық спартакиада үздіктері анықталып, жеңімпаздар кубок, медаль және дипломдармен марапатталады.



# Педагогтер еңбек демалысы туралы нені білуі қажет?

**Оқу жылы аяқталды. Педагогтер жыл сайынғы еңбек демалысына шығады. Педагогтерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының 2 түрі беріледі: негізгі және қосымша.**



«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңына сәйкес әрбір педагог ұзақтығы күнтізбе бойынша 56 күндік негізгі еңбек демалысын алуға құқылы.

Білім беру ұйымдары көп жағдайларда жеке лауазымдардың (мектепалды сынып тәрбиешісі, музыка жетекшісі, аккомпаниатор, концертмейстер, көркемдік жетекші, хореограф, аудармашы-дактилолог (сурдоаудармашы), вожатый, жастар ісі жөніндегі инспекторы, өндірістік оқыту шебері) педагогтеріне демалыс күндерін қысқартады.

Естеріңізге сала кетейік, аталған лауазымдардың педагогтері стандартты демалыс алуы керек (күнтізбелік 56 күн). Толық емес жұмыс күні бойынша жұмыс істейтін педагогтерге де осындай күндер беріледі.

Экологиялық қолайсыз аумақтарында және радиациялық қаупі бар аумақтарында тұратын педагогтер үшін қосымша демалыс қарастырылған.

Экологиялық қолайсыз аумақтарда тұратын педагогтер үшін қосымша демалыстың ұзақтығы 7 күннен 12 күнге дейінгі мерзімді құрайды. Радиациялық қауіпті аумақтарда тұратын педагогтер 5 күннен 14 күнге дейінгі мерзімді құрайтын қосымша демалысқа құқылы.

***Мұғалімдердің еңбек демалысы мен сауықтыру жәрдемақысын есептеу алгоритмі***

Мереке күндер еңбек демалысында есептелмейді. Еңбек демалысын беру кезінде нақты жұмыс істеген уақыт қана есепке алынады. Еңбек демалысы орташа күндік жалақыны демалыс күндерінің санына көбейту арқылы есептеледі. Орташа күндік табыс 12 айдағы есептелген жалақы сомасын нақты жұмыс істеген күндер санына бөлу арқылы есептеледі.

Егер мұғалім бір жылдан аз уақыт жұмыс істеген болса, онда орташа күндік жалақыны есептеу үшін нақты жұмыс істеген айлар ғана есепке алынады.

Еңбек демалысын пайдаланбаған немесе оны толық пайдаланбаған мұғалімге өтемақы төленеді. Өтемақыны есептеу үшін орташа күндік табыс пайдаланылмаған демалыс күндерінің санына көбейтіледі. Еңбек демалысының төлемінен және өтемақыдан салық ұсталады. Әрбір білім беру ұйымы еңбек демалысының төлемдерін уақытылы төлеуге жауапты.

Еңбек демалысының төлемі демалыс басталғанға дейінгі 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей төленеді. Егер педагогтің еңбек демалысы демалыс кестесіне сәйкес келмесе, оған төлем демалыс берілген күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей төленуі тиіс.

Еңбек демалысын беру кезінде сауықтыруға арналған жәрдемақы лауазымдық жалақы мөлшерінде төленеді.

Білім беру ұйымдарының штаттық қызметкерлерінің (директор, әдіскер, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, педагог-ассистент және басқалар) лауазымдық жалақысының мөлшері базалық жалақыны тиісті коэффициентке көбейту арқылы айқындалады.

Пән мұғалімдері үшін нормативтік оқу жүктемесі белгіленеді, сондықтан олардың лауазымдық жалақы мөлшерін лауазымдық ақыны нақты оқу жүктемесіне көбейту және шыққан туындыны апталық нормативтік оқу жүктемесіне бөлу арқылы анықталады.

Нәтижесінде қосымша ақылар мен үстемеақыларды қамтымайтын жалақының негізгі бөлігі есептелінеді.

Нормативтік жүктемесі бар педагогтерге сауықтыруға арналған жәрдемақының мөлшері олардың еңбек демалысы берілген күнгі нақты оқу жүктемесінен есептеледі.

# 1 миллионнан аса бала флешмобқа қатысты

**Халықаралық балаларды қорғау күніне орай елімізде екі күндік «Балалық шақ әлемі қандай ғажап!» флешмобы өтті. Оған республика бойынша 1 миллионнан аса бала қатысты, – деп хабарлайды Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы.**

Флешмобқа қатысушылар қатарында мектеп оқушылары мен колледждердің білім алушылары бар. Шараға ата-аналар да үлес қосты. Спорттық және шығармашылық флешмоб аясында 700 мыңға жуық бала тоғыз құмалақ, асық ату секілді ұлттық ойындарға қатысып, футбол, волейбол, жүгіру, теннис, шахматтан жарысты. Сондай-ақ 400-ден аса бала өз өнерлерін көрсетіп, ән салып, би биледі.

Ұлттық тағамдар дайындап, қолөнерлер бұйымдарын көрсетті.Танымал дизайнер, спортшы, өнер иелерімен кездесулер өтті. Балаларды қорғау күні қарсаңында ұйымдастырылған флешмоб балалардың шығармашылық қабілеттерін ашуға да ықпал етті.

Айта кету керек, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен өткен флешмоб Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен ұйымдастырылды.



# Қарағандыдан АҚШ-қа: оқушылар жел станциясы жобасын ұсынады



**Massachusetts FIRST LEGO League халықаралық чемпионаты маусым айының ортасында Американың жоғары оқу орны Worcester Polytechnic Insitute базасында өтеді.**

Оған Қарағанды мамандандырылған «Мұрагер» мектеп-интернатының «JelToqSun» командасы өз жобаларын ұсынбақшы. Олар робототехника және бағдарламалау дағдылары ғана емес, инновациялық жобалар байқауында да бақ сынайды. Топ мүшелері энергия тақырыбының өзекті мәселелерінің инженерлік шешімін тапты. Олардың жел электр станциясы қолданысқа енсе, өндіріс, шаруашылық үшін тиімді болмақ.

Айта кетейік, оқушылар өз жобаларын жергілікті металлургия кәсіпорнының инженерлеріне таныстырды, оған мемлекеттік университеттердің ғалым, докторлары оң баға берді.

Енді Massachusetts FIRST Lego League халықаралық чемпионатында қорғайтын болады. Оқушылар АҚШ-қа жолдаманы Астана қаласында ҚР Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен өткен Central Asia FIRST LEGO League Championship робототехника сайысында жеңіп алған болатын.

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

# Аралық қорытындылар: талапкерлер «оқу сауаттылығы» пәнін ең жақсы тапсырды




**Негізгі ҰБТ басталғаннан бері 86 мыңнан астам адам тест тапсырды. Оның ішінде талапкерлердің 74%-ы қазақ тілінде, 26%-ы орыс тілінде, 84 адам ағылшын тілінде тестілеуден өтті.**

ҰБТ басталғалы шекті балды 78%-ға жуық талапкер жинады. Орташа балға келетін болсақ, ол 70 балды құрады. Ең жоғары балл – 137, оны өткен аптада бір талапкер жинаған.

– Негізгі ҰБТ-ның екінші аптасының қорытындысы бойынша 86 мыңнан астам талапкер тест тапсырды. Осыған байланысты қызық статистикалық мәліметтің бірнеше мысалын келтіре кетсек. ҰБТ екі лекте өткізіледі. Статистикаға сәйкес, таңғы лекте ҰБТ тапсырушылардың орташа балы түстен кейінгі лекте тапсыратын талапкерлерден жоғары. Қазіргі уақытта айырмашылық 4 балды құрайды: сәйкесінше 72 және 68 балл. Сонымен қатар өткен жылы ҰБТ нәтижелері бойынша тақырыптық талдау енгізілген болатын. Яғни, тестілеу аяқталғаннан кейін әрбір талапкер қандай тақырыптар бойынша қателіктер жібергенін көріп, тақырыптық талдау алады. Сонымен, екі аптаның қорытындысы бойынша «Оқу сауаттылығы» пәнін ең жақсы тапсырды. Орташа есеппен, сұрақтардың 79%-ына дұрыс жауап берілген. Ал «Химияны» тапсырған талапкерлердің тек 36%-ы тапсырманы дұрыс орындаған, олар үшін «Стандартты электродтық потенциалдар. Тотығу-тотықсыздану реакциялары» тақырыбы қиын болды. Осылайша, ҰБТ нәтижелері бойынша біз тек сандар емес, сонымен қатар тақырыптар бойынша егжей-тегжей талдауды да ұсына аламыз», – деп атап өтті ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаев.

Айта кетейік, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқуға түсушілер үшін қолайлы жағдай жасаудың аясында ҰБТ-ға екі аптаның ішінде 230 талапкер қатысты.

Бүгінгі таңда 92 талапкер смартфон, шпаргалка және басқа да тыйым салынған заттарды алып өту әрекеті салдарынан тест тапсыру мүмкіндігінен айырылды. Тестілеу кезінде ережелерді бұзғаны үшін аудиториядан 74 адам шығарылып, олардың нәтижелері жойылды. Бөгде тұлғалар анықталған жоқ.

Айта кетсек, 2023 жылғы ҰБТ аяқталғаннан кейін күнтізбелік жылдың қазан айының 31-іне дейін тестілеудің бейнежазбаларына талдау жүргізіледі. Тыйым салынған заттарды пайдалану немесе ережелерді бұзу фактілері анықталған жағдайда түсушінің ҰБТ нәтижелері жойылады.

# Абай университетінде республикалық форум өтті

**Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Психологиялық қызмет» секторының ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында психологиялық қызметті дамыту» республикалық форумы өтті.**



Форумға ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің өкілдері, 80-нен астам психолог, еліміздің 58 жоғары оқу орнының профессор-оқытушылар құрамы және проректорлары қатысты.

Форумда қазақстандық жоғары оқу орындарында психологиялық қызметтерді дамыту және интеграциялау және студенттерді психологиялық қолдау перспективалары, психологиялық қызметті тиімді басқару, білім беру үдерісіндегі психологтардың рөлі, студенттермен жұмыс істеудің заманауи әдістемелерін пайдалану және басқа да мәселелер талқыланды. Еліміздің тәжірибелі психологтары студент жастарды зерттеуге қажетті тәжірибелерімен және әдіс-тәсілдерімен бөлісті.

Іс-шара барысында «Психологиялық қызметтерді дамыту және интеграциялау перспективалары» тақырыбында тренинг өткізілді. Форум қатысушыларына «Психологиялық қызмет» секторының қызметі таныстырылып, «Студенттердің психологиялық портреті» зерттеу жұмысы ұсынылды.

# INQAAHE халықаралық делегациясы елордалық жоғары оқу орнына барды



**«Жоғары білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі жол картасы 2030» тақырыбында жоғары білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі агенттіктердің халықаралық желісінің (INQAAHE) 17-ші халықаралық конференциясының делегациясы Maqsut Narikbayev University-ге келді.**

Әлемнің 97 елінің жоғары оқу орындарын біріктіретін, 300 ұйымнан тұратын INQAAHE дүниежүзілік қауымдастығының қатысушылары бағдарламаға сәйкес конференцияның соңғы күні аясында елорданың жоғары оқу орындарына барды.

Maqsut Narikbayev University сапары барысында қонақтар оның тарихы, қызметі, білім беру бағдарламалары, мектептері, ғылыми институттары және зертханаларымен, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастық тәжірибесімен және жалпы университет өмірімен танысты. Конференцияға қатысушылар үшін университет ішінде экскурсия мен университеттік және ұлттық дәстүрлері көрсетілді.

Осыған байланысты, Maqsut Narikbayev University провосты Сергей Пен университетті аккредиттеуге қатысты бірнеше сұрақтарға жауап беріп, конференцияға қатысушылардың сапарынан кейін өз пікірімен бөлісті.

– Қазіргі уақытта біздің университет институционалдық аккредитацияға ие. Сондай-ақ білім беру бағдарламаларының басым бөлігі Германияның Бонн қаласындағы штаб-пәтері орналасқан FIBAA халықаралық еуропалық агенттігінің аккредитациясын алған. Аккредиттеу процесі ескертусіз өтті. Сонымен қатар университет бағдарламалары ТМД елдерін қоса алғанда, халықаралық аккредиттеумен айналысатын Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігімен мойындалған, – деді Сергей Пен.

Университет провостының пікірінше, әрбір ЖОО аккредиттеуді жүргізетін агенттікті дербес таңдайды. Бұл мәселе тәуекелдерді кешенді бағалау, осы талаптарға сай болу қабілеті және басқа да факторлар негізінде шешілуі тиіс. Агенттіктің тізімде болу фактісінен басқа, оның беделі, халықаралық тану дәрежесі, қолданылатын әдістемесі мен принциптілік және т.б. сияқты қосымша критерийлер бар.

Maqsut Narikbayev University Қазақстан тарапынан Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігінің ұйымдастырушылық серіктесі.

# Қытай көлік колледждерінің түлектері Қазақстанда жоғары білім алады

**Ұзақ мерзімді ынтымақтастықты нығайту мәселелерін талқылау нәтижесінде Логистика және көлік академиясы мен Нанкин көлік технологиялары кәсіптік институты арасында білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімге қол қойылды.**

Нанкин көлік технологиялары кәсіптік институты – Қытайдың Цзянсу провинциясының көлік департаментінің қарамағындағы мемлекеттік институт. Институттың 6 факультетінде 10 мыңнан астам студент оқиды.

Аталған Келісім шеңберінде Қытайдың көлік колледждерінің түлектерін Қазақстанның бейінді көліктік жоғары оқу орыны – Логистика және көлік академиясында бакалавриат бағдарламалары бойынша оқыту көзделеді.

Тараптар көлік және логистика саласы үшін мамандарды бірлесіп даярлау, профессорлық-оқытушы құраммен және білім алушылармен академиялық алмасу, жазғы және қысқы мектептерді ұйымдастыру-өткізу және көлік, теміржол машиналарын жасаудағы инновациялық технологиялар трансферті туралы уағдаласты.



НОВОСТИ МИНИСТЕРСТВ

# Новые горизонты сотрудничества




**Министр высшего образования и науки Саясат Нурбек от имени Правительства Казахстана выступил с поздравительной речью в честь 77-ой годовщины Итальянской Республики.**

В этом году празднование Дня Итальянской Республики прошло под лозунгом «re-generation, inclusion, innovation».

В ходе мероприятия состоялась также беседа с вице-президентом Еврокомиссии Маросом Сефковиком, на которой стороны обсудили новые инициативы сотрудничества Казахстана и Европейского Союза в области науки и технологий.

Глава ведомства рассказал высокому представителю Еврокомиссии о новых трендах в науке и высшем образовании Казахстана, в частности, об обновлении модели управления в науке и стремлении стать академическим хабом в Центральной Азии.

Кроме того, были обсуждены вопросы создания Национального координационного центра Horizon Europe на базе АО «Фонд науки». Как известно, Министерством определен Национальный координационный центр Рамочных программ Европейского Союза по науке и инновациям в Казахстане, которым является АО «Фонд науки».

Стоит отметить, что HORIZON EUROPE – самая крупная научная программа в мире с бюджетом почти 100 миллиардов евро. Участие в программе не только престижно для ученых, но и дает возможность казахстанским ученым в партнерстве с зарубежными коллегами участвовать в международных проектах по разработке передовых технологий. Это еще и очень хорошая поддержка для реализации глобальных идей вузов и национальных научных учреждений.




# Конструктивный диалог

**В Алматы в Казахском национальном университете имени аль-Фараби в целях реализации инициатив Главы государства состоялась первая министерская встреча Диалоговой платформы ОИС-15 по науке и технологиям.**

В работе заседания приняли участие делегации Азербайджана, Камеруна, Индонезии, Ирана, Иордании, Малайзии, Марокко, Пакистана, Катара, Саудовской Аравии, Турции, ОАЭ. Участники обсудили вопросы, направленные на выработку рекомендаций по актуальным направлениям в науке, и предложили пути решения и практические меры для преодоления имеющихся вызовов и проблем в сферах науки, технологий и инноваций.

Основной задачей Первой министерской встречи стали проработка и согласование итогового документа. По итогам прошедшего заседания экспертов в проект итогового документа включены инициативы Казахстана по сотрудничеству в таких областях, как «Искусственный интеллект», «Инновации» и «Образование».




# У Нархоза – высокая оценка рейтингового агентства QS

**Рейтинговое агентство QS опубликовало результаты аудита, верификации и валидации, которые проводил QS по Университету Нархоз на протяжении последних 6 месяцев.**

В результате Нархоз получил максимальную оценку в «5 звёзд» за качество обучения, инклюзивную среду, трудоустройство и карьерные перспективы выпускников, что ставит университет в один уровень с такими вузами, как Central Queensland University (Австралия), City University of Hong Kong, University of Glasgow, Loughborough University (Великобритания), которые также являются обладателями «5 звезд». Общая оценка Нархоза составила «Very Good» (4 из 5 звёзд).

Оценка высших учебных заведений по методологии программы QS Stars проводится по 30 индикаторам в восьми категориях. Согласно официальным данным QS, только 110 вузов в мире обладают 4 звёздами. Нархоз стал 111 вузом, получившим высокое признание от агентства QS. В отличие от глобального рейтинга, в рамках программы QS Stars аудит проводится по качественным, а не только по количественным показателям вуза.

«Аудит по методологии QS Stars является независимой оценкой работы вуза международным рейтинговым агентством, а звёзды, присваиваемые по итогам аудита, являются всемирно признанным знаком качества университета», – пояснил региональный директор QS Сергей Христолюбов.

«Высокая оценка в QS Stars – это международное подтверждение верного выбора направления развития Университета Нархоз. Мы делаем ставку на повышение качества образования до ведущих международных стандартов, а также создания среды комфортного обучения и развития инфраструктуры, увеличения вклада в сообщество и повышение карьерных перспектив выпускников. И сегодня работу нашей команды по достоинству оценили на уровне топовых зарубежных вузов», – подчеркнул президент Университета Нархоз Мирас Дауленов.

В процессе аудита со стороны агентства QS были организованы опросы студентов и выпускников, регулярно проводились рабочие встречи и консультации по отдельным показателям деятельности университета, осуществлялись проверка и уточнение предоставляемых данных.



# На контроле – качество

**С 5 июня по 5 июля текущего года Министерством просвещения РК планируется проведение комплексного мониторинга деятельности управлений образования всех областей.**

Цель – выявление сдерживающих факторов, влияющих на развитие системы образования и определение лучшего регионального опыта.

Как отметил председатель Комитета по обеспечению качества в сфере образования Ернур Дауенов, мониторинг охватит только деятельность управлений образования без посещения детских садов, школ, колледжей и других организаций образования.

«В проведении мониторинга управлений образования не будут задействованы учителя или директора организаций образования. Во всех организациях образования начались летние каникулы, где педагоги могут выходить в отпуск по утвержденному графику. Ничего не должно препятствовать заслуженному трудовому отпуску педагогов после выпускных экзаменов. Для изучения деятельности управлений образования разработаны специальные критерии по всем направлениям», – подчеркнул Ернур Дауенов.

Отметим, управления образования получат методическую помощь, а также необходимые консультации специалистов комитетов и департаментов Министерства и его подведомственных организаций. По итогам будут даны рекомендации по совершенствованию системы образования регионов и повышения эффективности их деятельности.

ИННОВАЦИИ

# Обучение без границ





***В Казахстане насчитывается около 180 тысяч детей с ограниченными возможностями, которые нуждаются в инклюзивном образовании. Только около 23% из них участвуют в таком образовательном процессе***



**В Казахстане презентован сенсорный планшет Dot Pad 320, который расширяет возможности для получения образования слабовидящих детей.**

Инновационный продукт был представлен на республиканской научно-практической конференции «Образование без границ: социализация детей с нарушением зрения в условиях общеобразовательной школы», прошедшей на днях в школе-гимназии №10 имени Жумабека Ташенова.

Это первый в Казахстане интеллектуальный, тактильно графический дивайс для слабовидящих Dot Pad 320.

Образование – это один из важных вопросов развития детей с ограниченными возможностями. И это не только возможность получить документ и профессию, но и решение проблемы социализации детей с особыми потребностями. Для этого в Казахстане развивают инклюзивное образование – запрос современной жизни и международный стандарт. В Казахстане насчитывается около 180 тысяч детей с ограниченными возможностями, которые нуждаются в инклюзивном образовании. Только около 23% из них участвуют в таком образовательном процессе.

Чтобы идти в ногу со временем, на пути внедрения инклюзивного образования Казахстан делает все, чтобы решать возникшие проблемы, в том числе с помощью внедрения международного опыта.

В то время, когда люди с нормальным зрением могут полагаться на зрительные подсказки для понимания сложных предметов, около 285 миллионов слабовидящих и слепых людей по всему миру остаются в стороне. Существующие на данный момент книги, написанные шрифтом Брайля, имеют ограниченный тираж и являются дорогим удовольствием и не совсем практичны в использовании. Кроме того, простые звуковые описания не всегда достаточно эффективны для передачи графической информации.

Чтобы стандартный текст был доступен для слабовидящих, южнокорейская компания Dot Incorporation выходит на новый уровень восприятия стандартного текста с помощью устройства Dot Pad 320.

Устройство, разработанное компанией Dot Incorporation, открывает новые возможности для слабовидящих, делая разнообразный визуальный контент доступным через специальный сенсорный планшет.

Dot Incorporation на протяжении восьми лет активно работает над созданием инновационных технологий, которые преображают жизни людей с нарушениями зрения по всему миру. Компания получила заслуженное признание, став лауреатом престижной премии «Лучшие инновации» на выставке CES-2023 (США). Основным преимуществом планшета Dot Pad 320 является его тактильный дисплей, позволяющий пользователям воспринимать изображения и получать полноценный визуальный опыт.

Dot Pad 320 использует современные технологии обработки точечных изображений на основе искусственного интеллекта. Устройство анализирует и переводит визуальные данные с высочайшей точностью на тактильном дисплее, состоящем из 2400 точек. Таким образом, Dot Pad 320 обеспечивает доступ к интерпретации любого визуального контента из различных источников для пользователей.

Партнерство Dot Incorporation с Apple Incorporation привело к плавной интеграции Dot Pad с iOS и iPad OS, предоставляя пользователям доступ к обширной библиотеке из 2,2 миллионов приложений в App Store.

Dot Pad существенно снижает зависимость слабовидящих людей от тактильных учебников и аудиоописаний для восприятия визуального контента. Устройство не только позволяет слабовидящим самостоятельно исследовать огромное количество визуального контента в интернете, но и способствует их обучению, а также создает новые возможности для художников и творцов.

Можно с уверенностью сказать, что Dot Pad произвела революцию в технологии доступности благодаря тактильной графике. Чтобы улучшить предоставление программного и аппаратного обеспечения для тактильной графики, Dot Incorporation активно сотрудничает с ведущими технологическими компаниями для создания стандартизированного формата файлов тактильной графики и специального открытого доступа к ним.

Dot Incorporation установила партнерские отношения с известными образовательными и правительственными учреждениями, включая Калифорнийский университет в Беркли, Университет Карнеги-Меллон, Университет Макгилла, Колумбийский университет, общественный транспорт Пусана, Национальный музей Кореи и другие.

Компания «Qazinterservice» является официальным партнером Dot Incorporation (Южная Корея) и представляет сенсорный планшет Dot Pad 320 в Республике Казахстан и в Центральной Азии.

Согласно Государственной программе развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы, к 2025 году 100% школ, детских садов и 70% колледжей и вузов должны создать условия для инклюзивного образования.

**Дина ЛИ**



***Основным преимуществом планшета Dot Pad 320 является его тактильный дисплей, позволяющий пользователям воспринимать изображения и получать полноценный визуальный опыт***



АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

# Білім беру сапасы басты назарда

**Білім – адам қызметінің жетекші саласы. Бұл адамның кәсіби қалыптасуын, оның ұмтылыстарын, әдеттері мен көзқарастарын анықтайтын білім беру саласы. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында биылғы жылы біздің аймақта он көрсеткішке қол жеткізу жүктелді (2022 жылы барлық жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізілді). Бүгінгі таңда өңірдегі білім беру жүйесінде 1322 білім беру ұйымы жұмыс істейді, онда 22 мыңнан астам педагог білім беруде. 2023 жылы білім беру саласындағы облыстың бюджеті 212 миллиард теңгені құрады, бұл былтырғы көрсеткіштен артық (2022 жылы – 169,1 млрд теңге).**






**Шоқан ОРАЗАЛИН,**
**Ақмола облысы білім басқармасының басшысы,**
**Көкшетау қаласы**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында 599 мектепке дейінгі ұйым бар, оның ішінде: 258 балабақша, 341 шағын орталық. Бір жастан 6 жасқа дейін сексен бір пайыз (43 мың 465 бала), екі жастан алты жасқа дейін – 86% (42 мың 144 бала), 3 жастан 6 жасқа дейін толық жүз пайыз қамтылды. Биыл облыста 1706 орындық алты балабақшаның құрылысы жалғасуда. Жыл басынан бері Шортанды ауданында 33 орындық бір жекеменшік мектепке дейінгі ұйым ашылды. Наурыз айында Целиноград ауданы Қоянды ауылында 280 орындық мемлекеттік балабақша ашылған болатын. Бір жүз отыз бес мыңнан астам оқушы оқитын облыста 542 мектеп жұмыс істейді. Осы оқу жылында 536 мемлекеттік мектепке 134 мыңнан астам оқушы оқып жүр, оның ішінде 17 мыңнан астам оқушы жалпыға бірдей оқыту шеңберінде қолдау алады.

Жергілікті білім беру ұйымдарында 16 мыңнан астам педагог жұмыс істейді. Олардың сексен бес пайызының жоғары білімі бар. Жаңа жүйе бойынша облыстың 10 мыңнан астам мұғалімі аттестатталды. Бүгінде 495 орта және негізгі мектептердің ішінен 396-сы жаңа модификациядағы кабинеттермен жабдықталған. Мектептерде 1134 заманауи кабинет (физика, химия, биология, ЛМК және STEM) бар. Жергілікті мектептерді жаңа модификация кабинеттерімен жарақтандыру үшін 432 миллион теңге бөлінді. 2021-2025 жылдар аралығында облыста жыл сайын тоқсан төрттен 470 мектепті жаңғырту жоспарлануда. 2025 жылға дейін мектептерді жаңғыртудың жол картасы әзірленді.




Жаңғырту шеңберінде алдағы екі жылда мектептерді жөндеу, көркем әдебиет сатып алу, оқу әдебиеттерін сатып алу және технологиялық жабдықтарды жаңарту, мектеп жиһаздарын жаңарту және облыс мектептерінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету көзделіп отыр. 2023 жылға 94 мектепті жаңғырту үшін бюджет қаражатынан 3,0 миллиард теңге қарастырылған. Облыстың барлық мектептері бейнебақылау камераларымен жабдықталды. Бүгінгі таңда мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтандыруға қойылатын стандарттар мен талаптарға қатысты ҚР ІІМ мен ҚР ОӘМ бірлескен бұйрығына сәйкес орнатылған камераларды жаңарту бойынша кезең-кезеңімен жұмыс жүргізудеміз. 2023 жылға бюджеттен осы мақсаттарға 339,7 миллион теңге бөлінген.

Балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылы білім беру ұйымдарында аула дәретханаларын жою жұмыстары жүргізілді. Бүгінгі таңда облыстың барлық білім беру ұйымдарының ішкі санитарлық тораптары бар және ауыз сумен қамтамасыз етілген. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау саласында ерте түзетумен 5691 бала немесе алпыс бес пайызы (мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы саны – 8987) қамтылды, тағы 150 баланы қамту жоспарлануда. Инклюзивті білім беруді қолдау ресурстық кабинеттерінің желісін кеңейту жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, оның шеңберінде 2025 жылға дейін инклюзивті білім беруді қолдаудың бір жүз үш ресурстық кабинеті іске қосылмақ және 21 ресурстық қолдау кабинеті ашылды.

Облыстық бюджеттен инклюзивті білім беруді қолдаудың 29 кабинетін ашу үшін биылға 304,5 миллион теңге қарастырылған. Қазіргі кезде біздің балаларымыздың жетпіс алты пайызы қосымша біліммен қамтылып отыр. Өңірде 51 қосымша білім беру ұйымы жұмыс істейді. Бір оқушылар сарайы, 18 балалар мен жасөспірімдер шығармашылық үйлерінің орталығы, өнер мектебі, он сегіз музыка мектебі, 4 аула клубы, үш балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, техникалық шығармашылық орталығы, туристер станциясы, натуралистер станциясы, техниктер станциясы және екі балалар көркемсурет мектебінің қызметін жиырма бір мыңнан астам оқушы тиімді пайдалануда. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасына сәйкес 2025 жылға қарай республикада 9-сынып түлектерінің сұранысқа ие мамандықтары бойынша колледждерде тегін оқумен толық жүз пайыз қамту міндеті тұр. Бүгінгі таңда ол біздің өңірде 94,6% құрайды.

Жалпы қазіргі кезде облыста 32 колледж жұмыс істейді (жиырма алты мемлекеттік және алты жекеменшік) контингенті 21 мың (20 мың 305) студент, оның 16,3 мыңы (16 мың 318) немесе сексен пайызы тегін оқытумен қамтылған. Биылғы жылдың үшінші тоқсанында WorldSkills бағалау жүйесін типтік ұйымдардың оқу процесіне енгізген колледждердің саны алпыс пайыздық межеге жеткізу міндеті тұр. Халықаралық стандарттарды жаңғырту және енгізу нәтижесінде «Жас маман» жобасына қатысушы колледждер базасында 23 құзыреттілік орталығы ашылды. Осы бағыттарда жұмыс ары қарай жалғасады.





АБАЙ ОБЛЫСЫ

# Ұлттық құндылық – тәрбиенің қайнар көзі

**Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиелі баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті, – дейді Алаштың арысы, ағартушы ақын Мағжан Жұмабаев. Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тіліне қоса тағы да басқа ұлттық құндылықтар аясында кеңейту – өзекті мәселенің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістіктеріне сай үйлестіру. Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесімділік заңы салтанат құруы шарт.**





**Жанаргуль МАЛИКОВА,**
**Әдістемелік кабинеттің меңгерушісі,**
**Абай облысы,**
**Аягөз қаласы**

Яғни, ол өзінің өсу, есею кезінде ақ сүт беріп асыраған ата-анасымен де, көкірек көзін ашқан ұстаздарымен де үйлесім таба білуі тиіс. Сонда ғана тұлға бойында ұлттық рухани қасиеттер бірте-бірте қалыптасары сөзсіз. Тұлға бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлтық құндылық, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт пен дәстүр – тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші. Тәрбиенің негізі болып саналатын адамзаттық құндылықтардың бірі тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамдарды сүйе білу қажетілігі болып табылады.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін білетін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Қазақ елі үшін ұлттық құндылықтарды сақтап қалудың маңызы өте зор. Өйткені, сонау ғасырлардан бүгінге жеткен ұлттық құндылықтарымыз (лиро-эпостық және батырлар жырлары, ұлттық қолөнер, ұлттық спорт түрлері және де тағы басқалар) еліміздің дамуы мен мәдениетінің айнасы. Демек, сан ғасырлық тарихы бар рухани құндылықтарсыз ұлттың дамып, өркендеуі әсте мүмкін емес. Аягөз аудандық білім бөлімінің басшысы Нұрғали Әзімбаевтың келісімімен осыған орай оқу, ғылыми, ұйымдастырушылық, әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Маликова Жанаргулдің «Ұлттық мәртебе» авторлық жобасы жүзеге асырылып келеді.

Жобаның өзектілігі: халық педагогикасын жандандыру; мәңгілік ел болудың негізгі өзегі – ұлттық бірегейлікті сақтау; өскелең ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы оқыту және тәрбиелеу; жаһандану заманында ұлттық кодты бекем ұстайтын салт пен дәстүрге қоса әдет пен ғұрыпты сана арқылы қабылдау; рухани құндылықтардың ұрпақтарға ауысып, сабақтасуы; ең алдымен, жас ұрпақтың ұлтжанды болып, өз елінің қамын ойлап, тілін, дінін құрметтеуге, үлкенді сыйлап, әдептілік пен имандылықты бойына дарыту. Осы құндылықтарды күнделікті өмірде өз мінез-құлқында, іс-әрекетінде басшылыққа алу дағдысын қалыптастыруда оындай жобалардың маңызы зор.

Халық ауыз әдебиетін дамыту арқылы әулет, ауызбіршілік, ата мен әженің заңғарлығын, әке мен шешенің құдіретін, аға мен апаның үлкендігін, достық пен сыйластықты құрметтей білу құндылықтарын бала санасына сіңіру қажет. Елімізде тірі жетімдер, қарттар үйі, зорлық пен зомбылықтардың саны өсуде. Жастардың шетелге кетуі немесе жеңіл жүрісте жүруі, жынысын ауыстыруы, нашақорлық, өзге елдің дінін жағалау өте көп және оны азайту мүмкін бе? Статистикаға сүйенсек, соңғы жылдары олардың саны күрт өскен. Осы мәселелердің алдын алып, арнайы жоба аясында қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын кеңінен дәріптеп, ұмыт болғанын жаңғыртып, заман көшіне сай ұлықтап, өскелең ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу ретті жолға қойылуы керек.

Жоба әрбір адамның өзін-өзі тәрбиелеп, өзін-өзі басқаратын, ертеңіне ерте ойланатын адами құндылығы қалыптасқан тұлға қалыптастыру мақсатын алға тартады. Халық педагогикасын және ұлттық рухты, патриотизмді, тәлім-тәрбиені дәріптейтін қазақтың салт-дәстүрлерін жаңғырту, білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту сияқты міндеттерді көздейді. Аптаның бесінші оқу күнін «Ұлттық мәртебе» күні етіп ұйғарып, ауданымыздағы білім беру мекемелерінде жұма күнгі болатын барлық іс-шараларды ұлттық құндылықтарға бағыттап, ұлтқа мәртебе күнінің жоспары құрылды.

Жұма күні білім алушылар мен тәрбиеленушілердің киім формасына ұлттық нақыштың ныспысын келтіріп өзгеріс енгізілді (қыз балалар шолпы тағып, камзол кию немесе тағы да басқа, ұл балалар ұлттық ою қоюға болады). Қоңырау ортасында қазақтың ән мен күйлерін, ойындарын ойнатып, сабақ жоспарларындағы қолданылатын әдістер мен тәсілдерді ұлттық құндылықтарға бағыттауда жұмыстар жасалып жатыр. Асханадағы дәмдер де ұлттық тағамдардан болғаны дұрыс. Сондай-ақ жалпыхалықтық рухани құндылықтарды күшейту, халықты салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты сақтаудың маңыздылығымен ақпараттандырып, ұлттық құндылықтарға деген сезімді арттыруда шаралар жүргізілуде.



Жобаның мақсатты аудиториясы: мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің тәрбиеленушілері, жалпы білім беру мектептерінің білім алушылары және педагогтері. Осы жоба ауданның барлық мектептерінде жыл бойына жүргізіліп, «Ұлтым деп асқақтаған ұлан» тақырыбында ұлттық мәртебе жобасының қорытынды есебінің аудандық семинары болып өтті. Семинарға ауданның отыз тоғыз мектебі атсалысып қатысты. Басқосу Аягөз қаласындағы мектеп жанындағы интернаты бар жалпы орта білім беретін №6 мектебінде аса жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Ұлттық мәртебе жобасының өту ережесін жоба авторы Жанаргуль Ыдырышқызы таныстырды.





Қала мектептерінің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары жоба бойынша жұмыстарын таныстырып, презентация қорғады, жұма күні өткен ерекше ұйымдастырудың бір көрінісін көрсетті. Облыстық білім басқармасына қарасты инновациялық-әдістемелік орталықтың басшысы Исабаева Айнур Сергалиевнаның ұйымдастыруымен Аягөз ауданында «Табысты мектепке жетудің жаңа жолдары» тақырыбында облыстық семинар ұйымдастырылды. Басты мақсаты: табысты мектепке жетудің жаңа жолдары, педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдері және командалық жұмыстардың заманауи іс-тәжірибелерін бөлісу. Осыған орай мектеп жанындағы интернаты бар жалпы орта білім беретін №6 мектебінде «Ұлттық мәртебе» жобасы аясында жоспарға сай «Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің қайнар көзі» тақырыбында семинар ұйымдастырылды.

«Әжелер мектебінің» әжелері шашу шашып, «Қонаққәде» ретінде ұлттық дәм салынған түрлі-түсті қоржындар таратылып, жүн түтіп, ұршық иіруден көрініс көрсетілсе, мектебіміздегі дарынды оқушыларымыз қазақтың айтыс өнерін дәріптеп, «Қыз бен жігіт» айтысының тамаша үлгісін көрсетті. Мектеп ауласында жастар алтыбақан теуіп, «Аударыспақ», «Тоғызқұмалақ», «Бес тас», «Ләңгі тебу» ұлттық ойындар ойнатылды. Сонымен қатар жиырма жылдық тарихы бар «Қарлығаш» дарынды балалар клубының мүшелері қазақ халық ауыз әдебиетінің эпостық жырлары батырларының жұптық бейнесін, яғни «Қыз Жібек пен Төлеген», «Алпамыс-Гүлбаршын», «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу», «Қамбар мен Назым» сынды батырлар бейнесін, «Еңлік-Кебек» пьесасынан сахналық көрініс көрсетті.

Осындай игі шараларды қамтыған «Ұлттық мәртебе» жобасының біздің ауданымызда жүзеге асырылып жатқандығы көңілге қуаныш ұялатады. Бұл дегеніміз – жас ұрпақтың ұлттық рухта тәрбиеленуінің бірден-бір кепілі. Ұлттық құндылықтарды оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығарамыз. Өйткені, ұлттық құндылық ғасырлардан дәуірге жалғасқан, өмірдің қатаң сынынан өткен, маңызы айрықша құндылық, яғни, асыл қазына.

ЗАМАН ТАЛАБЫ

# Сауатты тұлға қалыптастырудың мәні

**Қазіргі мектептің ең маңызды міндеттерінің бірі – функционалды сауатты тұлға қалыптастыру. Халықаралық сарапшылардың айтуынша, жетістіктерге қол жеткізіп, бәсекеге қабілетті әрі қазіргі қоғамда өзара байланыс орната білетін тұлға болып қалыптасу үшін кітап оқуға деген құштарлықтың әсері мол. Ол үшін бала мектеп жасынан бастап көркем әдебиетті оқуға ұмтылуы қажет. Біз осы мақсатта жағдай жасауға міндеттіміз.**






**Дидар ӘБЕНОВА,**
**Әдістемелік кабинеттің меңгерушісі,**
**Абай облысы,**
**Абай ауданы**

Мемлекет басшысының төртінші Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде (22.10.2020 ж.) берген тапсырмасы негізінде әзірленген бейінді ведомствоның «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұлылар мекені Абай ауданында заңғар жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шәкірті, Абай елінің ұлағатты ұстазы, Ұлы Отан соғысының ардагері, Халық жазушысы, абайтанушы Кәмен Оразалин атындағы дәстүрлі жалпы білім беретін ұйымдардың оқушылары арасында III облыстық «Кәмен оқулары» көркемсөз оқу шеберлерінің байқауы ұйымдастырылды.

Мақсаты: жазушының өмірі мен шығармашылығын, қазақ әдебиеті әлеміне қосқан рухани мол мұрасын, абайтану, мұхтартану ғылымдарына сіңірген еңбегін насихаттау; әдебиетке бейім дарынды жастарды анықтау; көркемсөз оқу шеберлігіне деген құштарлығын арттыру. Шара барысында аудан әкімі Н.Абдыкаримов жазушы ұрпақтары, зиялы қауым өкілдері және сайысқа қатысушы жас дарындармен бірге ұлы ақын Абай Құнанбайұлының, заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің ескерткіштеріне тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Аудандық мәдениет үйінде бастау алған салтанатты шараның ашылуында облыстық білім басқармасының «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы директорының орынбасары В.Азизова құттықтау лебізін білдіріп, қатысушы жас дарындарға сәттілік тіледі.



Ардагер ақсақал, Ырғызбай ұрпағы М.Толғанбаев батасын беріп, ақ жол тіледі. Көркемсөз оқу шеберлерінің сайысы «Әдебиет – қоғамның айнасы», «Абай ауылына саяхат», «Жазушы Кәмен Оразалиннің шығармашылығы» сынды үш бөлім бойынша өткізілді. Байқау нәтижесіне сәйкес бірінші және екінші бөлімдер бойынша бас жүлде иегері Абай ауданы, Медеу орта мектебінің 9-сынып оқушысы Советқали Айгерим; бірінші орынды Абай атындағы ММГИ 10-сынып оқушысы Жәнібекқызы Балғын; екінші орынды Аягөз ауданы, Қалалық қазақ мектеп-лицейінің 9-сынып оқушысы Нагифоллаева Амина; үшінші орынды Семей қаласы №21 ЖОББМ 9-сынып оқушысы Салауатова Ания иеленді.

Абай аудандық білім бөлімі басшысының арнайы марапатымен Бородулиха ауданының оқушысы Сапина Дильназ марапатталды. Үшінші бөлім бойынша бас жүлде иегері Аягөз ауданы, К.Бозтаев атындағы қазақ мектеп-гимназиясының 9-сынып оқушысы Тыныбек Альбинаға; бірінші орын Абай ауданы, ЖББ Қарауыл гимназиясының 9-сынып оқушысы Қайсаханова Ажарға, екінші орын Бородулиха ауданы, Ә.Бөкейхан атындағы қазақ орта мектебінің 9-сынып оқушысы Еркін Аружан; үшінші орын Үржар ауданы, Сейфуллин атындағы орта мектеп-бақшасының оқушысы Құсайынова Данагүлге табысталды.

Жүлдегерлер облыстық білім басқармасы басшысының арнайы Дипломдарымен, дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығының қаржылай сертификаттарымен марапатталды. Бас жүлде иегерлеріне Кәмен Оразалин ұрпақтарының демеушілігімен «Алтын қалам» арнайы статуэткасы табыс етілді. Барлық қатысушылар естелік сыйлықтармен марапатталды.

ОРАЛДЫҚ ОҚУШЫЛАР

# Бәсекеге қабілетті бизнес бағыты

**Оралдық оқушылар күнбағыстың жасыл өскінін өсіру және сату бойынша бизнес жоспарын дайындады. Жоба авторы №42 «Ақ ниет» гимназиясының 10-сынып оқушылары Гүлмайя Ғинният және Мерхат Саматов ұстаздары Гүлдарья Кубашева және Нұрлы Гиниятованың жетекшілігімен осы бағытта бизнес ашудың нарықтағы өзектілігін, бәсекелестердің қарқынын талдай отырып, жобаның пайдалы тұстарын, қаржылық шығыны мен кіріс деңгейін ашып көрсетеді.**




Жан-жақты зерделеніп дайындалған бұл жоба кәсіпкерлік саласы өкілдерінің жоғары бағасына ие болды. Өңірлік «Іскер әйелдер» қауымдастығы ұйымдастырған «Мен болашақ кәсіпкермін» байқауында жоба жұмысы екінші орынға ие болды. Ұсынылған жобаның міндеттері аймақтың нарықтық экономикасында маркетингтік талдаулар жүргізу арқылы, микро жасылдар нарығын зерттеу, микро жасылдар нарығының баға саясатын зерттей отырып, өнімнің өзіндік құнын анықтау. Сондай-ақ микро жасылдарды тұтынушылар арасында кеңінен таратып, бәсекеге қабілеттілігін арттыруды көздейді.



Мектеп оқушылары Гүлмайя Ғинният пен Мерхат Саматовтың пікірінше, қазіргі таңда азаматтардың денсаулық деңгейі жақсы жағдайда емес. Бұған экологияның нашарлығы, тамақ өнімдерінде «химияның» артық болуы, үнемі күйзеліс себеп. Мұндай жағдайда семіздік, жүрек-қан тамырлары аурулары және екінші типтегі қант диабеті дамиды. Дененi нығайту үшін адамдар көгеністер мен шөптерді көбірек тұтынуы қажет. Еуропада және батыста «органикалық тағам» тренді танымалдылықтың шыңында. Ал елімізде, өкінішке қарай, бұл әлі қалыптаспаған.

Жағдайды реттеуде күнбағыстың жасыл өскінін микрожасылдар деңгейінде өсіріп, оны тұтынушыға ұсынудың маңыздылығы зор. Өздерінің бизнес-жоспарында көрсеткендей, оқушылар тұтынушы нарығын, бәсекелік ортаны, жобаны жүзеге асырудың тиімділігі мен тәуекелділігіне зерттеу жасаған. Сәйкесінше, шешу жолдарын да ұсынады. Нәтижесінде күнбағыс өскінін үй жағдайында өсірудің тимді әдіс-тәсілдерімен таныстырады.

Адам ағзасы үшін құндылығы жоғары тағам екендігін анықтап, тамақ өнеркәсібіне енгізу жолдарын іздестіреді. Бұл ретте аймақтың тұтынушыларын, нақты айтқанда кафе, ресторандар, жеке тұтынушыларды жоғары сапалы күнбағыстың жасыл өскінімен қамтамасыз ету басты нысан болады. Жобаны бастауға 501 мың теңге қажет. Ай сайынғы таза табыс – жетпіс екі мың теңге. Есеп бойынша алты-жеті айдың аралығында шығынды кері қайтарудың мүмкіндігі бар. Бір жылда 864 мың теңге табыс табуға болады. Сондықтан болашағы мол бизнес құруға және нарықта ұзақ уақыт бойы орнығуға мүмкіндік бар.

**Эльмира НҰҒМАНОВА,**
**Білім бөлімінің баспасөз хатшысы,**
**Батыс Қазақстан облысы,**
**Орал қаласы**

СЕМЬ НОТ

# Мелодии души

**В детской музыкальной школе в г. Хромтау учат детей познавать искусство музыки.**



Взаимосотрудничество на основе объединения идей и совершенствования практики налажено со всеми дошкольными организациями, школами и вузами региона. С начала 2023 года посещено более 200 уроков и мастер-классов педагогов. Встречи с педагогами показали, что посещение уроков, проведение мастер-классов направлены на точечную поддержку инновационного движения, распространение передового опыта талантливых, творчески работающих педагогов, внедрение новых педагогических технологий.

Мы гордимся нашими достижениями, но оставляем место для роста и совершенствования.

**Альбина ФАЗЛАЕВА,**
**заместитель директора по учебно-методической работе ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПР по Туркестанской области и городу Шымкент»**

РОМАН-ЭССЕ ЖАНРЫ

# Ерекшеліктер мен авторлық ұстаным

**Қазақ әдебиетінде роман-эссе жанры ертеректе қалыптасқан, методологиясы мен теориясы бар жанрдың бірі ретінде дамыды. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетімен салыстырғанда көп көріне қоймағанмен, тәуелсіздік тұсында бұл жанрдың бағы жанды деп айта аламыз. Әзілхан Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым», Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовым», Қабдеш Жұмаділовтың «Таңғажайып дүние», Мұхтар Мағауиннің «Мен», Қалихан Ысқақтың «Келмес күндер елесі» сынды туындыларын атап өтуге болады.**





**Гүлсім ҰЗАҚБАЕВА,**
**№28 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі,**
**Маңғыстау облысы,**
**Ақтау қаласы**

Бұл романдарда авторлардың өзі куә болған кеңестік кеңістіктегі оқиғалар, көріністер кеңірек баяндалды. Қаламгерлер ойды көркемдік шындық аясында сараптап жеткізетін ұтымды тұсын тиімді тәсіл ретінде қолданған. Ұлттық әдеби дәстүрімізден нәр алған, роман мен эссенің байланысынан, өзара тұтасуынан туған, жаңаша пайымдауға негізделген бұл жанрды ұлттық әдебиеттану негізінде зерделеу қажеттігі айқын нәрсе. Оның қазақ роман жанрына қосқан үлесін сұрыптап, өзіндік ерекшелігін айқындау, поэтикалық құрылымын саралау да аса қажет деп ойлаймын.

Белгілі әдебиеттанушы ғалым Бақытжан Майтанов роман-эссе жанрындағы автор-баяндаушының рөлін, жазушы-автордың өзіне ғана тән субъективті ойларын зерделей келе: «Эссенің жанрлық мүмкіндіктері қолға ұстататын кілт – еркіндік. Авторлық баяндау еркіндігі. Бұл дегеніңіз – әр түрлі параметрлерге ұя тебетін уақыт пен кеңістік межелерін тиісінше сапырылыстыру арқылы сюжеттік-композициялық тың бітім қалыптастыру», – дейді.

Еліміз егемендік алғаннан кейінгі кезеңде сөз еркіндігі, ой бостандығы күшейгеннен кейін жазушылар өмірлік дерек негізінде роман-эсселер жаза бастады. Олардың көтерген тақырыптары, пайдаланған формасы, айтар идеялары, ұстанар концепциялары әр түрлі болғанымен, шығармаларын жазатын бағыты көбіне ғұмырнамалық сипатқа ие болды. Ә.Нұршайықов «Мен және менің замандастарым» арқылы естелік айтудың ғұмырнама үшін көркемдік маңыздылығын көрсетсе, М.Мағауин өз ғұмырын арқау ете отырып, жазушылық таланттың көркемдік танымының даналығы мен тәжірибесімен таныта білген.

Ал Қ.Жұмаділов ғұмырнама үшін тарихи танымның көркемдікпен игерілуіндегі қаламгерлік идея мен тақырыптың мән-маңызын ашты. Әрі роман-эсселердің қоғамдағы тарихи кезең ақиқатын бейнелеудегі шеберлік қырлары ерекше болды. Мұндай жанрдағы шығармалар қоғам өмірінде белгілі бір дүмпулер болып өткен соң, сол қоғамдық өзгерістерді талдау ниетімен жазылды. Өмір шындығы көбінесе шыншыл қалпында берілді. Бірақ оған қарап шығармада автор көркемдік жинақтауға бармайды деген ұғым қалыптаспау керек. Авторлар өз туындыларында өмірінің басынан бастап аяғына дейін өзгеріссіз сипаттай береді деген ұғым тумауы керек.

Шығарма автор өмірі шындығына бейімделгенімен, онда қоғамдық құбылыстар, әлеуметтік-саяси құбылыстар көрініс табады, автор-кейіпкер параллелді жүретіндіктен, шығарма жазушының шығармашылық шеберханасы ретінде де көрінеді. Бұл оның шығармашылық құпиясының кілті деп атап өтуімізге негіз бола алады. Суреткерлердің авторлық ұстанымы оның өз шығармасындағы алдына қойған мақсат-мұрат, айтпақшы болған ой-идеясымен тығыз байланысты. Оқырман қауымға суреткерлік ғұмырдың болмысын танытатын бұл туындылар жалпы адамзаттық мәселелерді қозғаумен де құнды дүниелер болып табылады. Міне, сол себепті де бұл жазушылардың шығармаларындағы өмірлік деректерді зерттеудегі әдебиетімізде көркемдік таным мәселелерінің оң шешімін табуына зор септігін тигізді деп айтуға болады.

Роман-эссе – тәуелсіз ұлттық әдебиетіміздің көркем-эстетикалық әлемінің көкжиегін кеңейтіп, тарихи танымымызды тереңдетіп, әдеби көзқарасымыздың біліктілігін дамытуға зор үлес қосып, әдебиеттану ғылымындағы жанрлық өсуге мол мүмкіндік беретінін көреміз. Ұстаздық ұлы қызметімде балаларға білім беріп келемін. Мұғалімдік танымыма сүйенсем, шығармашыл жастарды шыңға шығару әдебиетпен, әрине, тікелей байланысты. Ұлттың ұлылығын тану үшін, ойларын еркін жеткізіп, тарих қатпарына үңілу үшін – эссе жазып, қаламды серік етер жастарды қолдаймын. Ұстаздық ұстанымым – шығармашыл болу үшін, кітапқа үңіліп, роман, повесть, эссе секілді құнды дүниелерді көзбен тану!

ТЕХНИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ

# Орталықтың оқушылармен жұмысы жүйелі

**Қазіргі таңда біздің орталықта оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану және үйірме сабағына жабдықталған он төрт оқу кабинеті бар. Оқу кабинеттері 10-12 оқушыға жабдықталған. Бір ауысымда жүз жиырма оқушыға дейін оқытуға қызмет көрсетуге барлық мүмкіндік жасалған. Орталық екі бағыт бойынша жұмыс істейді.**



**Мұхтар МЕЛЬДЕЕВ,**
**Техникалық шығармашылық орталықтың директоры,**
**Жамбыл облысы,**
**Сарысу ауданы**

Спорттық техникалық (үйірмелер: «Ұшақ үлгілеу», «Кеме үлгілеу», «Автобагги», «Робототехника») және ғылыми-техникалық (үйірмелер: «Авто – XXI», «Тракторшы», «Бағдаршам», «Жас жол инспекторы», «Техникалық көркем еңбек», «Ауыл шаруашылығы өндірісінің технологиясы», «Конструкциялық материалдарды өңдеу» және «Grammar»). Техникалық шығармашылық үйірмелердің өзге үйірмелерге ұқсамайтын өзіндік атқаратын қызметі мен тәлім-тәрбиелік маңызы зор. «Робототехника», «Ұшақ», «Кеме», Автобагги үйірмелері базалық мазмұны тәрбиеленушілерін болашақ кәсіптерін анықтап, қабілеттерінің дамуымен қатар өздерін-өзі танып білуге, техника әлемін зерделеуге, әртүрлі салалар бойынша қабілеттерін, біліктіліктерін шыңдауға үйретеді.



Орталық үйірмелерінде жасөспірім тек педагогтің үйретуімен модель түрлерін жасаумен шектеліп қана қоймайды, оған талдау жасайды, жасалу, өңделу технологиясына өз ой-пікірлері мен ұсыныстарын айтуға дағдыланады. Бала жұмысты өз қолымен істеп көреді, тапсырмаларды қызығушылықпен орындап, оның қорытындысын көрсеткісі келеді. Үйірме сабағында өзін еркін сезініп, орындаған жұмыстарынан моральдық қанағат алады. Тапсырманы орындап қана қоймай, өзге оқушыларды да шығармашылықпен айналысуға тарта біледі. Осылайша үйірме жұмыстарында оқушы үйренуші шәкірттен белсенді үйретуші, өзіндік шығармашылық ой-өрісі бар, жан-жақты дамыған дара тұлға дәрежесіне көтеруге ықпал жасаймыз.



Осы белсенділік арқасында оқушы әрбір жұмысын шығармашылық оймен жасап, зерттеп, оған жан-жақты талдау жасап, өз бағасын берумен қатар өз бойында келешек кәсіби мамандығын да қалыптастырады. Үйірме оқушылары сабақтан тыс уақытта шикізат түрлерінен техникалық құрылғы үлгілерін жасаумен айналысады. Практикалық жұмыс кезінде оқушылар техникалық құрылғы үлгілерін құрастырушылық қабілеттерін, шығармашылық қабілеттерін дамытады. Үйірме оқушылары алғашқы жұмыстарын шаблон үлгісімен істейді, сызбалармен танысады, үлгілерді сызба бойынша жасайды. Үйірме барысында оқушы жұмысты өз қолымен істеп көреді, жұмыстың қорытындысын көрсетеді.

Оқушының ой-өрісі дамып, шығармашылық шеберлігі шыңдалады. Жыл сайын жазғы демалыстың алғашқы күні оқушылардың өз ой туындылары бойынша жасаған техникалық шығармашылық жұмыстарынан «Өнерлі қол – бақытқа жол» атты көрме ұйымдастырылады. Көрменің мақсаты – балалардың жазғы демалыс кезінде бос уақытын тиімді ұйымдастырумен қатар балаларды шығармашылық жұмыспен айналысуға үйрету екенін және шығармашылықпен айналысуға қызығушылық білдірген оқушылар, жазғы демалыс кезінде өздері қалаған үйірмеге қатысып, шығармашыл шеберліктерін шыңдауға қызығушылықтары артатын болады. Оқушыларының жетістіктері жақсы, олар халықаралық, республикалық, облыстық байқаулардың жеңімпаздары.

КҮН КҮЛДІРІП

# Жаз қызығы – көңілді демалыс

**Жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауығуын ұйымдастыру қызық болуы керек. Өскелең ұрпақ, яғни балалар жазғы демалыста, бос уақыттарында көбінесе ұялы телефонға байланып қалатыны рас. Оқушылардың жазғы демалыстары қызықты болсын деген оймен мектеп жанынан лагерьлер жұмыс істей бастады. Биылғы жаңалық десек те болады, қосымша білім мекемелері, оның ішінде музыка мектептері де осы жазда оқушыларымызбен тығыз байланыста болып, түрлі ойындар, сауықтыру бағдарламалары мен концерттер ұйымдастырдық.**



Мақсатымыз – әр оқушының бойына қандай да бір қуаныш, тәлім-тәрбие, рухани азық беру. Музыка мектебі – шығармашылыққа үйретумен қатар тағылымды тәлім-тәрбие түрлерін ұйымдастыратын өнеге ордасы. Тәрбие мазмұны ұйымдастырушының шеберлігімен ұштасқанда қандай шара болсын, оқушының ішкі жан дүниесін жаңартып, рухани азық болып, жарқын құбылыстарға жетекші бола бермекші. Біздің білім шаңырағының ұстаздары мен оқушылары жазғы демалысқа, тығыз байланыс орната отырып, белсенді түрде қадам бастық. Жаз айының бірі – балаларды қорғау күні. Бұл күн балалар үшін өте маңызды. Мектеп алаңына оқушыларымызды жинап, түрлі ойындар ойнатып, би-билеп, бой жазып, ойнап-күліп тарқастық.

Мектебіміздің ұстаздары ұйымдастырған қазақтың ұлттық ойындары мен орыс халқының ойындары ойнатылды. Бой жазып, көңіл көтеріп, билеп, ән де айтылды. Ата-аналар мен оқушылар тамаша әсер алып, әдемі көңіл-күймен тарқасты. Біздің ұйымдастырған шараларымыз мұнымен шектелмейді. Осы күні мектебіміздің гитарашылар және домбырашылар ансамбльдері, аудан орталығында орналасқан саябақта гитара-домбыра патиге қатысты. Саябақ демалушылары мен қонақтары керемет әсер алды. Оқушыларымыз да жаңа шабыт алып, ерекше қуанышпен тарқасты.

Енді жаз айларындағы жоспар бойынша балаларымызды театрлар мен байқауларға, концерттерге қатыстырып, бос уақыттарын пайдалы өткізуге шақырып отырмыз. Мамыр айының 21-і мен маусымның 6-сы аралығында 5-6 сыныптар арасында өтіп жатқан, республикалық гандбол ойындары лигасының ашылу-жабылу салтанатына оқушыларымыз атсалысып жүр. Маусым айының 5-і – актёрлік шеберлік сыныбының шығармашылық күні. Актёрлік шеберліктен сабақ беретін мектебіміздің ұстазы Исмаилова Зарина Шыңғысқызы оқушыларымен бірге спектакль қойылымын дайындап, шеберліктерін арттырып, тәжірибе алмасады.

Алматы қаласындағы драма театрға спектакль тамашалауға барады. Маусымның 13-інде Байсерке елді мекенінде орналасқан қарттар үйіне барып, ата-әжелерге жақсы көңіл-күй сыйлау үшін, оқушылар мен ұстаздарымызбен концерт береміз. Жаз айларында оқушыларымыз келесі оқу жылында болатын байқауларға ұстаздарымен бірге дайындық жүргізеді (маусымның 1-15-і аралығында). Маусымның 15-інен бастап шілденің 1-іне дейін «Ұлттық домбыра» күніне дайындық. Мектеп ұжымы және оқушылар маусым айының 17-сінде Алматы қаласында өтетін «Rainbow of talentsin Almaty» халықаралық байқауында, оқушыларымыз өз бақтарын сынап көрмекші.

Маусым айының 21-і күні көрмеге барып, оқушыларымызға танымдық саяхат ұйымдастырамыз. Шілде айында ұлттық домбыра күнін тойлап, домбырамен күйден шашу шашып, оқушылар мен ұстаздар құттықтауы болады. Ерекше атап өтетін жайт, «Мен де жұлдыз борламын» республикалық байқауының жеңімпаздары, халық аспаптар бөлімінің оқушылары, Грузия елінде өтетін финалдық байқауға қатысады. Тамыз айында жаңа оқу жылына дайындық жүргізіп, бірінші сыныпқа қабылданған оқушылармен танысып, ата-аналарымен түсіндірмелік жұмыстар жүргізіп, оқу жылын бастаймыз.

**Шолпан АЛДИБАЕВА,**
**№1 балалар музыка мектебі директорының міндетін уақытша атқарушы,**
**Алматы облысы,**
**Іле ауданы,**
**Өтеген батыр ауылы**

ОҚУШЫЛАР ДЕМАЛЫСЫ

# Өрнектелген әуенмен – жайдарлы жаз!

**Биылғы жаз мезгілінде, оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында, мектеп оқытушылары қаламыздың орта мектептері жанындағы балалар демалу лагерлерінде түрлі іс-шаралар өткізуді жоспарлап отыр. Өткізілетін іс-шаралардың шеңберінде әртүрлі ойындар, караоке, қазақ композиторларына арналған лекция-концерттер және шығармашылық калейдоскоп, әншілер мен композиторлардың шығармашылығымен танысады.**



Балалар музыка мектебінде «Жасstar» жазғы шығармашылық алаңы өз жұмысын бастайды. Кез келген оқушылар домбыра, қобыз, баян, фортепиано, вокал пәндері бойынша кестеге сәйкес дәріс ала алады. Оқушылардың аспапта ойнау шеберліктерін арттыру үшін, мектеп оқытушылары музыка мектебінде оқитын оқушыларға жаз мезгілінде, ата-аналардың келісуімен сабақтар өткізеді. Аталған іс-шаралар ақысыз түрде өткізіледі.

Балалардың денсаулығын нығайту, олардың интеллектуалдық қабілеттерін, көркемдік-эстетикалық мәдениетін дамыту мақсатында мектеп оқытушылары жұмыс істейді, балаларды кәсіби анықтау, шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру, адамгершілік, азаматтық, патриоттық тәрбие беру мен дамытуды қамтамасыз етіп, білім беру, мәдени-сауықтыру бағдарламалары мен қызметтерін жүзеге асырады.

**Анар ЖАМАНОВА,**
**Балалар музыка мектебінің директоры,**
**Абай облысы,**
**Курчатов қаласы**

МИУАЛЫ МЕКЕН

# Көлсайдағы көңілді уақыт

**Балалардың көптен күткен жаз мезгілімен қоса жазғы демалыс та келіп жетті. Біздің аймақтағы Кеген ауданында орналасқан Көлсай көлін көзбен көру кез келген адам үшін қызық. Еліміздің шартарабын шарласаң, басына бұлт киген асқаралы тау да, етегін гүл көмкерген шалқар көл де, ұшы-қиырына көз жетпейтін кең байтақ дала да мінсіз сұлулықтың қандай боларын дәлелдеп тұрғандай!**

Көздің аясындай мөп-мөлдір Көлсайға бет алған біз – Қарасаз ауылындағы өнер мектебінің бір топ өнерпаздары – жолда алдыңнан жарқ етіп шыға келіп, сол мезетте қолын бұлғап қала берген тауды да, тасты да, көкті де артқа қалдырып, «Көлсай қайдасың?» деп асығып келеміз. Асығып келеміз деген жай сөз, жолай әдемі тау бөктеріне сәлем беріп, желге маңдайымызды тосып бір кідірдік. Сөйтсек те, Көлсайдың көлін көрмекке, суын ішпекке балалар асығуда. Тақтайдай тегіс жолмен зырғыған көлік сол бетімен Саты ауылына келіп тоқтады.

Біздің саяхатымыз осы ауылдан басталды. Саты ауылының тарихы тым тереңде екен. Ауыл шетінде сақ-үйсін заманынан қалған жеті мың қорған табылған. Сатыдан Көлсайға барар жолда, пост бақылауынан өткен соң, алаңқай бар, кезінде Барсхан деген қала жұрты болыпты-мыс. Демек, бұл маң – тарихи туризмді де дамытуға әбден тұрарлық орталықтардың бірі. «Иә, расында осынау ғажап мекенді көзбен көріп, саф ауасымен тыныстағанға не жетсін?!

Көлсай көліне келушілердің саны жыл сайын артып келеді», – дейді «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің директоры Елнұр Ахметов Мұхаметжанұлы. Одан әрі біз көрікті Көлсайға тарттық! «Жеттік!» деген балалардың қуанышты үндері естілді. Апыр-ай, Көлсай ма осы, сайдағы көл? Иә, таудағы сұлулыққа тамсанып жүргендерге көз салыңыз да, су сұлу ма, тау сұлу ма, әлде осы сұлулыққа тамсанған адамның жаны сұлу ма? «Адам қолы жетпеген» деп жатады ғой, міне, сондай бір тұмса табиғаттың үзіліп түскен бір бөлігі алдыңнан жәудіреп шыға келсе, жүрегің де тазарып, көңілің де ағарып кетеді!

Біздің көзге айналаның бәрі де ерекше бір нұрланып, жасарып сала бергендей әсердеміз! Балалардың қуанышында шек жоқ! Біздің бір күнгі жазғы демалысымыз осылай өтті! Осы бір ұлан-байтақ өлкеде бәрі қалған – тұмса табиғат та, шежірелі аңыз да, аталы сөз де, жортқан жануар да, жайқалған көк те! Ол байлық – біздің байлық!

**Эльмира КАБАЕВА,**
**Қарасаз ауылындағы өнер мектебінің музыка пәнінің мұғалімі,**
**Алматы облысы,**
**Райымбек ауданы**



МИР КРАСОК

# Творческие каникулы

**В Детской художественной школе имени Аубакира Исмаилова прошли методические просмотры работ учащихся, и началось время, которого ждут и дети, и преподаватели – это летняя пленэрная практика.**

Начало летних каникул у учеников художественной школы проходит очень насыщенно. Оставив свои учебные кабинеты, ребята выходят на улицы родного города с красками и карандашами.

Подготовительные классы только-только познают секреты цветовоздушной среды, учатся наблюдать у природы необыкновенно гармоничные колористические сочетания и разнообразие форм растений. В основных классах ребята подходят к решению пленэрных заданий вдумчиво и аналитически. Особенности перспективных сокращений архитектурных форм, передача пространства многоплановых пейзажей, моделировка цвета в рисунке портрета и фигуры на открытом воздухе – вот некоторые из задач, которые стоят перед нашими старшими учениками.

У коллектива Детской художественной школы имени Аубакира Исмаилова за плечами большой опыт по организации летней пленэрной практики для детей. Был организован архитектурный пленэр в столицу нашей республики – светлую и солнечную Астану, неоднократные пленэры в красивейшие природные уголки Казахстана – Каркаралинск и Боровое. Совместно со студентами исторического факультета Карагандинского университета им. Е.А. Букетова ученики выпускных классов участвовали в археологическом пленэре, обогатившись не только художественными знаниями, но и пополнив свой интеллектуальный багаж интересными фактами об истории древнего Казахстана. Эти поездки остаются в памяти ребят на многие годы.

Но и пленэр, проводимый в нашем маленьком, уютном городе, учит детей многому. Неспешный и пристальный взгляд юных художников на знакомые улицы и места открывает им красоту родного края, воспитывает бережное отношение к окружающей среде. Благодаря мастер-классам педагогов ребята пополняют багаж профессиональных знаний и получают большой заряд творческих эмоций.

Яркие пленэрные впечатления остаются не только в памяти, но и на листах бумаги, запечатленные с помощью акварели, пастели, гуаши, карандашей и фломастеров. Будут также традиционные летние выставки для подготовительных и для основных классов. Лучшие работы по итогам пленэра составят экспозиции выставок «Юные художники на пленэре» и «Волшебная палитра».

**Наталья САЙГУШЕВА, педагог Детской художественной школы им. А.Исмаилова г. Шахтинска**

ПО СТРУНАМ СТОЛЕТИЙ

# Педагогика Берты Маранц

**В числе последователей Г.Нейгауза в успешном развитии фортепианного искусства СССР, и в том числе Казахстана, стоит отметить имя Берты Соломоновны МАРАНЦ (1907-1998).**



**Назерке КАБДРАХМАНОВА, педагог по классу фортепиано ДМШ №3 им. С.Прокофьева г. Алматы**

Пианистка, профессор, педагог, повлиявшая на становление и развитие фортепианного искусства региональных исполнительских школ, чью педагогическую деятельность высоко оценивали коллеги – это Берта Маранц.

Об обучении в классе выдающегося педагога Б.Маранц писала следующее: «Сила дарования Нейгауза в единстве эмоционального и аналитического. …После уроков хотелось не только играть, хотелось научиться мыслить вширь и вглубь».

Педагогика Берты Маранц ознаменована многими годами плодотворной работы, из ее класса вышло более 200 профессиональных пианистов, среди которых лауреаты международных конкурсов, доктора наук, успешно претворяющие и обогащающие традиции своего учителя. Важным аспектом педагогической работы того времени являлось многостороннее воспитание личности учащегося. В классе Г.Нейгауза она твердо усвоила необходимость близких, доверительных отношений со своими студентами. По окончании ее класса студенты не разбегались и не теряли связь с педагогом, а на протяжении многих лет поддерживали контакт. Подобные формы педагогического сопровождения после окончания консерватории способствовали последующему укреплению и распространению заветов ее фортепианной школы.

Пианизм Маранц отличался интеллектуальным подходом, и здесь необходимо отметить требование максимальной экономии движений, октавы и скачки также требовалось учить в медленном темпе, доводя ощущения до автоматизма. Вообще выработка игровых движений и ощущений до абсолюта, с одной стороны, позволяет абсолютно свободно чувствовать себя на сцене и полностью управлять процессом, с другой – гарантия качества исполнения. И здесь также проглядывает интеллектуально-аналитический подход к игре на рояле.

Относительно кантилены необходимо отметить, что Маранц учила добиваться певучего звука и переводить звук в звук более вытянутыми пальцами, как бы поглаживая клавиши при максимальном контроле над звуком и интонацией. Интересна аналогия, которую она приводила, объясняя, как надо филировать звук. Она сравнивала фразу с ниткой, и если резко отрезать нитку ножницами, то звук как бы «откусывается», а если зубами оторвать, то на нитке остаются маленькие волоски, которые постепенно исчезают. Как видно из вышесказанного, Маранц была мастером аналогий, кроме того, мы видим, что деталей и случайностей в игре на рояле для нее в принципе не существовало.

Таким образом, педагогические принципы Берты Маранц являются прямым следствием ее исполнительского облика и направлены, главным образом, на комплексное воспитание творческой личности, обладающей высоким профессионализмом, базирующимся на интеллектуальном подходе и главенстве творческой индивидуальности.

КУРСИВ

# Совет по преодолению дефицита кадров

**Укреплять сотрудничество в подготовке специалистов договорились на встрече педагоги и работодатели Восточно-Казахстанской области.**



В Усть-Каменогорске проведен тематический круглый стол «День работодателя», на котором был утвержден состав индустриального совета КГУ «Усть-Каменогорский многопрофильный технологический колледж».

Начальник отдела развития человеческого капитала Палаты предпринимателей ВКО Асет Адылхан пояснил суть индустриального совета, в который вошли 11 участников из числа представителей колледжа и предприятий, трудоустраивающих выпускников:

– Мы будем рассматривать содержание образовательных программ ТиПО, – отметил Асет Адылхан. – Мы будем всячески содействовать учебному заведению в развитии партнерских отношений с предприятиями для организации практических занятий на производстве и дальнейшего трудоустройства выпускников. Совет будет формировать рекомендации по вовлечению предприятий в учебный процесс, представлять информацию о текущих тенденциях отрасли, технологических изменениях, требующих навыков и обеспечивающих трудоустройство молодежи.



В качестве желаемого результата деятельности индустриального совета представлено сокращение сроков адаптации выпускников на предприятии, снижение затрат колледжа на дополнительное обучение, и как итог, достижение большей отдачи от вложенного капитала.

Отмечалось также, что наиболее высокий уровень потребности в кадрах по ВКО зафиксирован в сферах строительства, обрабатывающей промышленности, торговли и образования. В список наиболее востребованных профессий вошли аппаратчик-гидрометаллург, повар, отделочник, арматурщик, разнорабочий, плотник и другие. При этом система дуального обучения, построенного на взаимосвязи теории и практики, устраивает 247 работодателей ВКО, они готовы принять на практическое обучение 914 студентов.

Участники круглого стола побывали с экскурсией в учебно-производственных мастерских. Социальных партнеров колледжа наградили благодарственными письмами и грамотами.

**Андрей КРАТЕНКО Восточно-Казахстанская область**

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЙІ

# Шалқыған шабыт ордасы

**Шығармашылық есептің дәстүрлі бір түрі – көрме. Ақтөбе қаласының «Балалар және жасөспірімдер шығармашылық үйі» мекемесінде қала күніне орай ұйымдастырған «Шалқыған шабыт ордасы» атты балалар шығармашылығының көрмесі үстіміздегі оқу жылының өзіндік есебі болып табылды, сонымен қатар, балалар мен ересектердің ынтымақтастығы мен қарым-қатынасының, серіктестік пен балалар бастамасының жарқын үлгісі болды.**



Ұлттық құндылықтарды, халықтың мәдени мұрасын сақтау, ұлттық дәстүрлерді дәріптеу тұлғаның рухани-эстетикалық дамуының бір әдісі болып табылады. Мерекелік іс-шараға қатысу – балалардың шығармашылық жетістіктерінің, қазақ халқының ұлттық мәдениеті туралы білімдерінің жарқын көрінісі болды. Көрменің салтанатты ашылуына «Хореография», «Этнодомбыра», «Вокал» үйірмелерінің тәрбиенушілері қатысты. Ал көркемдік бағыттағы үйірме оқушылары «Жанды сурет» мұражайын көрсетті. «Робототехника», көркемсурет және сәндік-қолданбалы өнер бағытындағы үйірмелердің білім алушылары балалар шығармашылығының сан қырлылығын көрсетіп, түрлі материалдардан жасалған жұмыстарымен таныстырып, өнер сүйер қауымның ойына ой салып, жан-жақтылыққа бағыттауына мүмкіндік берді.

Әрбір оқушы үшін көрмеге қатысу – бұл өз еңбегінің нәтижелерін көру мүмкіндігі, бұл одан әрі шығармашылыққа, келесі көрмелерге белсенді қатысуға мотивация. Шығармашылықпен айналыса отырып, олар көркем-эстетикалық принципті бейнелейді, өз жұмыстарында шығармашылық әлеуетті жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Мұндай көрмелер шығармашылық іс-әрекеттің оң көзқарасын қалыптастырады, балаға қуанышты, әдемілікті сезінуге, көркем шығармашылық процестен ләззат алуға мүмкіндік береді.

Ақтөбе қаласының балалар және жасөспірімдер шығармашылық үйі балаларды әдемілікке баулитын сәндік-қолданбалы өнер шығармашылығымен таныстыратын шабыт ордасы болып табылады. Мұнда педагогтер балаларға өз тәжірибелерімен бөлісіп қана қоймай, оларға сұлулықты өздері көріп, сезініп, жасай алатын мүмкіндік туғызады. Бір сөзбен айтқанда, оқушылардың рухани әлемі қалыптасады. Балалар және жасөспірімдер шығармашылық үйінің шағын, жас және жігерлі ұжымын білімді де білікті педагогтер құрайды. Олардың әр сабақтары оқушыларға қызықты да креативті болуы үшін түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, балаларды ізденіс сатысына тартады. Біздің ұжымда алты жүзден астам оқушылар көркем-эстетикалық, сәндік-қолданбалы, мектепке дейінгі, тілдік, бастауыш техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және логикалық-математикалық бағыттар бойынша білім алады.

Балалардың бос уақытын тиімді де пайдалы мазмұнмен толтыру, қызығушылықтары бойынша топтық қарым-қатынасты қамтамасыз ету, уақытты бос өткізуден алшақтату – осы мекемедегі балалардың дамуының әлеуметтік және педагогикалық негізі. Мереке ойдан шықты! Сәтті ойластырылған сценарий мен залдың әдемі безендірілуі мерекенің ерекше атмосферасын құруға, қуанышқа, залда болудан ләззат алуға және өте дарынды балалардың шығармашылығынан жақсы әсер алуға мүмкіндік берді. Балалар шығармашылығының жанжақтылығын көргісі келген өнер сүйер қауымы облыс орталығындағы өнер мұражайы ұйымдастырған көрмені апта бойы тамашалады.

**Саягүл ҚАЙЫРБЕКОВА,**
**Балалар және жасөспірімдер шығармашылық үйінің директоры,**
**Ақтөбе қаласы**

ШӘКІРТТЕР ШАТТЫҒЫ

# Өнерлі бала – елдің көркі

**Маусым айының біріндегі – Дүниежүзілік балаларды қорғау күні жазғы демалыспен қатар келетін, жыл сайынғы балалардың асыға күтетін мерекесі. Бұл күні бүлдіршіндердің көңілдерін көтеру, қуанту мақсатында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізіледі. Болашақ ұрпақтың бақытты өмірін қалыптастыру – адамзаттың алдында тұрған зор міндет.**

Біздің ұжымдағы қосымша білім беру педагогтері мереке күнінде бөбекжайларға барып «Өнегелі балдырған!» тақырыбында қолөнері бағытындағы қызықты танымдық сабақ ұйымдастырды. Танымдық сабақ – кішкентай бүлдіршіндерге жақсы көңіл-күй сыйлаумен қатар ақыл-ой және шығармашыл дамыта отырып, болашаққа бағдар жасайтын, жастайынан еңбекке тәрбиелеуге шақыратын маңызды шара болуымен ерекшеленді.

Ақтау қаласында орналасқан №11 «Қаусар» және №23 «Ақмоншақ» бөбекжайларында қосымша білім беру педагогтері Ж.Каргамбаева, А.Қосбаева, Р.Акылова, А.Жасмағамбетова, Б.Борсанова бөбекжай қызметкерлерімен бірлесе отырып, бүлдіршіндерге ермексаздан мерекелік «Құттықтау хат», түрлі-түсті қағаздардан «Менің туған жерім – Қазақстан» 3D-аппликациясын, «Мерекелік гүл шоғы» туындыларының жасалу жолдарын үйретті.

Бүлдіршіндер мереке күнінде өз қолымен жасаған жұмыстардың нәтижесін көріп, өте қуанышты болды. Қосымша білім беру педагогтері танымдық сабақ соңында сабаққа қатысып, белсенділік танытқан кішкентай бүлдіршіндерді мерекемен құттықтап, арнайы дайындаған тәттілерін үлестірді.

**Алмагул КАРИМОВА,**
**Оқушы орталығы директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары,**
**Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы**



ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП

# Поэзия – сөз әуені

**Аудандық мектептердің қолдауымен біздің білім ордасында, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, «Поэзия – сөз әуені» атты әдеби-сазды, поэзия фестивалі ұйымдастырылды. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» деген аталы сөз бекер айтылмаса керек. Әлқисса, қазақтың әрбір ұл-қызы саналы ғұмырында қаламның қасиетіне бас иіп, сезімге толы сырын желдей желбіреген жалынды жырларымен ұштастырып жүр. Әрине, ақындық шабыт әр адамға берілмейді.**

Бойға шабыт келген күнде де оны дұрыстап ұйқасы мен буындарын үйлестіре білу тағы бар. Дегенмен, ақын болмасам да ақындарға жақынмын деп, жүрегінің сыры болған жырын ұсынатын оқырмандар сахна төрінде өз өнерлерін көрсетті. Атап айтар болсақ, өлең өлкесінде өзіндік өрнегімен ерекшеленетін, жүректерді жан жылуымен ерітіп, қиялға қанат сермеген қазақ ақындары Ақберген Елгезектің «Тілек», «Мінәжат», Қалқаман Сариннің «Тәуелсіздік таңы», Саят Қамшыгердің «Бақыт», Бейбіт Сарыбайдың «Өлеңнің құлагерін туған дала», тағы көптеген ақын, жазушылардың шығармаларын жатқа айтты.

№20 мектептің оқушысы Расул Амантай, қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Есенғали Раушановтың немересі, ақынның шығармаларын жатқа оқып, кешті ұйымдастырған мектеп кітапханасына автордың туындыларын сыйға тартты. Бұл іс-шараның мақсаты – қазақтың біртуар ақын, жазушыларының өмірі мен шығармашылығына тоқтала отырып, өнегелі өмір жолы мен шығармашылық мұраларының өміршеңдігін ұғындыру, өз шығармашылықтарын шыңдау, өлеңге, сөз өнеріне баулу, қазақ әдеби тілінің қасиетті екенін ұғындыру.

Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтіп, қоғамдық санаға орнықтыру, ақиық ақындардың жалынды жырлары арқылы жастардың азаматтық және патриоттық әлеуетін дамыту. Жыр сүйер қауымға көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған оқушылар Алғыс хатпен марапатталды.

**Толқын АБДУАЛИЕВА,**
**№83 гимназияның кітапхана меңгерушісі,**
**Алматы қаласы,**
**Түрксіб ауданы**



ИТОГИ

# Международный успех юных инспекторов из Казахстана

**Команда школьников из Восточно-Казахстанской области заняла первое место на Международном слете Юных инспекторов движения.**

Чемпионат проходил в Минске (Республика Беларусь). Казахстан представляла команда средней школы №20 имени А.Байтурсынова г. Усть-Каменогорска.

На пресс-конференции Региональной службы коммуникаций заместитель руководителя Управления образования Алима Акылбек сообщила, что ежегодно с 1 по 12 июня организовывается участие детей в Национальной информационной кампании «12 дней борьбы против эксплуатации детского труда». И этот год не станет исключением. В целях выявления фактов эксплуатации детского труда планируется проведение рейдовых мероприятий по различным объектам, таким как рынки, автозаправочные станции, строительные площадки.

В помощь органам гражданской защиты создано 129 кружков «Юный спасатель». В рамках проведения республиканской акции «Балалардың игілігі үшін» в организациях для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, с 17 мая по 17 июня 2023 года запланированы мероприятия для детей, выезды в парки, музеи, кинотеатры.

Продолжается реализация Комплексного плана по поддержке детей-сирот. Комплексным планом было охвачено более 2000 детей-сирот. Реализация плана помогает решать одну из главных задач – это обеспечение жильем. Патронатными предприятиями перечислено более 280 млн тенге на счета детей для дальнейшего приобретения ими жилья, 983 ребенка получили квартиры. Жилье предоставляется как из государственного жилищного фонда, так и с помощью патронатных предприятий.

**Андрей КРАТЕНКО**
**Усть-Каменогорск**

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ

# Қазақ халқының мақтанышы

**Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы – қазақ халқының болмыс бітімі бөлек қайталанбас мақтанышы, ұлтымыздың ағартушы ақыны, жазба әдебиеттің негізін қалаған қоғам қайраткері сондықтан бабамыздың артында қалған мол мұрасын жас ұрпаққа білгірлікпен, білімділікпен жеткізу, тереңінен тартып, сөз ұқтыру барша ұстаздар қауымының алдында тұрған өрелі міндеттердің бірі, – дейді біздің сыныптың жетекшісі Эльвира апай Абралқызы Парманова.**





**Алуа БЕКМУХАМБЕТОВА,**
**№44 мектеп-гимназияның**
**3 «В» сынып оқушысы,**
**Алматы қаласы,**
**Түркісіб ауданы**

– Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңгі тұтқасын қолына берік ұстайтын бүгінгі бүлдіршіндер азаттықтың мәні мен мағынасын терең түсінуі үшін бастауыш сыныптан бастап сөйлеу тіліне қоса ойлау қабілетін жетілдіру басты мақсат. Себебі әрбір баланың ой-өрісі отбасындағы тағылымды тәрбиеден бастау алып, алтын ұя мектебінде берік қалыптасады. Әсіресе ана тілі пәні арқылы рухани дүниесі байып, тіл байлығы артады, қоғамдық көзқарасы оянады. Сондықтан қазақ халқының мақтанышына айналған ақын-жазушылардың ғибратты ғұмырымен танысып, шығармаларын қайталап оқуларың қажет.

Абайдың «Күз», «Адам болам десеңіз», «Қыс», «Жаз», «Жазғытұрым» деген өлеңдерін өту барысында ұстазымыз оқушылардың бойында поэзияға, лирикаға деген түсінігін ояту бағытында ойшыл бабаның өмір жолы туралы қысқаша ақпарат беруден бастап, бірте-бірте күрделендірілген мәліметтерді ұсынады.

*«Асыл сөзді іздедесең, Абайды оқы, ерінбе,*

*Адалдықты көздесең, жаттап оқы көңілге»*, – деп ақиық ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров бекер жырламағанын ұдайы еске алып отырады. Абай осы күнгі Семей облысында Шыңғыс тауын жайлаған Тобықты руында Құнанбай жанұясында 1845 жылы дүниеге келген. Сырт көзге момын, сылбыр, аңғал көрінетін Абайды «ата-балаға сыншы» дегендей, әкесі Құнанбайдың ерте танығанын, оны Семейдегі діни медресеге оқуға бергенін айрықша атап айтқан сынып жетекшіміз сол кездегі суреттерін көрсету арқылы жас Абай діни іліммен шектелмей өз бетінше бастауыш орыс мектебінде оқып, арабша да хат танығанына қоса көркем әдебиеттер бойынша білімін жетілдірген тарихи тұлғаның ғылымға құштар ынтасы мен ықыласын бізге үлгі-өнеге ретінде оқулықтар мен қосымша әдебиеттер негізінде кеңінен әңгімелейді.

Мұғалімнің қарапайым тұрғыдан толық түсіндіргені басқа қатарластарым сияқты менің де әлі есімде. Мәселен ойшыл баба жас күнінде мейірімді Зере әжесінен түрлі ертегілермен бірге қазақ халқының терең тарихы жайлы ауызша әңгімелерді көп тыңдау арқылы ұлтымыздың бай мұрағa толы ауыз әдебиетінің жауһарларымен сусындаған. Абай атамыз сонымен қатар мақал-мәтелдерді, шешендік сөздерді Зере мен Ұлжан сияқты дана аналардан ғана естіп қоймай, Барлас, Байкөкше сияқты ақын-жыршылардың қасында айлап болып, солар айтқан батырлар жырларын сүйіп, тыңдап, жаттап, құлағына құя, қанына сіңіре білгенін, әкесі Құнанбай Абайды жасынан өзімен бірге ала жүріп, үлкен өнегелі отырыстарды көрсетіп, небір дүлдүл шешендердің асыл сөз, абзал қасиеттері мен әділ биліктерін тыңдатқан.

Сол себепті ғасыр ғұламасының биік парасаттылық пен шынайы имандылықты халықтың кіршіксіз қалпынан алғанын аңғарамыз. Көңілі ояу, көзі ашық, білікті әкенің тәрбиелік дәстүрі ұрпағына жалғасып, балаларына білім беру арқылы ұлтына адал қызмет көрсетудің жолын нұсқады. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба», «Баламды медресеге біл деп бердім», – деген ақылман ақынның жасын жыры бүгінгі өскелең ұрпаққа да аса қажетті ақыл. Өйткені қазіргі жаһандану ғасырында білімсіз болу қадірсіз қалумен тең. Демек біз ата-анамыздың үлкен үмітін ақтап, мұғалімнің жоғары сеніміне шығуымыз үшін жақсы оқумен қатар өнегелі тәрбиені де бойымызға сіңіруіміз қажет. Осы орайда жас ұрпақты жаңаша оқыту жолында таңдаған мамандығына адалдықтан айнымай бар жоғары біліктілігін бізге білім беруге арнаған ұлағатты ұстаздардың қажырлы қызметіне бас иіп, сынып жетекшісінің еңбегіне алғыс айтамын.

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

– Еліміздің үздік педагогі кім?

– Балалардың пәнге қызығушылығын қалай арттыруға болады?

– Оқу-ағарту министрлігі қандай шешімдер қабылдады?

**Осы және басқа да сұрақтардың жауабы, сондай-ақ білім саласындағы жаңалықтар – бір жерде! www.bilimdinews.kz**

Сізді басқа мектептерлің тыныс-тіршілігі, сыныптан тыс жұмыстар қалай ұйлестірілген және басқаларда табысты оқушылардың неге көптігі қызықтырады ма?

**Барлық құпияны – бір көзден білуге болады! www.bilimdinews.kz**

Сізге мұғалімдер мен мектептер, жаңа ережелер туралы жаңалықтарды басқа сайттардан іздеудің қажет жоқ. **Барлығы осы жерде – www.bilimdinews.kz**

Сіздерде есімін еліміз білуі тиіс мықты мұғалім бар ма? Сүйікті ұстазыңызды құттықтағыңыз келетін шығар? Немесе іс-тәжірибеңізбен бөліскіңіз келеді ме? **Олай болса бізге жазыңыз www.bilimdinews.kz**

**«БІЛІМДІ ЕЛ – ОБРАЗОВАННАЯ СТРАНА» республикалық газеті мен ақпараттық www.bilimdinews.kz сайты жаңа маусымның басталғанын жариялайды!**

Құрметті оқырман қауым! Біз жаңа жылды күтпей-ақ Сіздерді жаңа жобалармен қуантқымыз келеді. Біздің не істейтініміз туралы жақсы жаңалықтарымызбен бөліскіміз келеді. Сіздерге www.bilimdinews.kz ақпараттық сайты әріптестіктің жаңа мүмкіндіктерін ұсынады:

| Орналастыралатын жері | 1 тәулікке | 1 аптаға | 1 айға |
|---|---|---|---|
| Жарнамалық баннер | 7000 теңге | 45 000 теңге | 160 000 теңге |
| «Үздік жаңалықтар» топтамасы (жүгіртпе жол) | 5000 теңге | | |
| «Редакция таңлауы» бөлімі | 10 000 теңге | 60 000 теңге | |
| «Жаңалықтар» бөлігі | 5 000 теңге | | |

www.bilimdinews.kz ақпараттық сайтындағы кез келген рубрика бойынша материал орналастырудың бір жылдық пакет құны – 1 млн. 400 мың теңге.

«Білімді ел – Образованная страна» газетіне немесе сайтына жарнамалық баннерді орналастырған жағдайда – орналастыру құнына 20 пайыздық жеңілдік жасалады.

**Редакция тарапынан қосымша қызмет:**

– мәтінді қазақ және орыс тілінде редакторлық түзетулер жасау – ТЕГІН;

– фотоларды өңдеу, тақырыптық иллюстрация жасау – ТЕГІН;

– жарамалық мәтіндеріңізді қосымша түрде газетке жариялап, әлеуметтік желілер арқылы тарату – ТЕГІН.

**Құрметті оқырман, «Білімді ел – Образованная страна» республикалық білімділік газетіне 2023 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүргізілуде!**

Сіздер жазылымды «Қазпошта» АҚ барлық бөлімшелері арқылы рәсімдеулеріңізге болады.

**Жазылу индексі 64603.**
**2023 жылдың 2 жартыжылдығына жазылу бағасы:**
4380,00 теңге (қала),
4483,20 теңге (ауыл).



*Ардақты педагогтер, білім беру ұйымдарының басшылары мен сала қызметкерлері, оқушылардың ата-аналары, сүйікті газеттеріңізге жазылуға асығыңыздар!*

Бас редактор:
**Ләззат Мақсұтқызы Түркістанова**

«Білімді ел – Образованная страна» Республикалық білімділік қоғамдық-саяси газеті.
Меншік иесі: «Қазақстандық білім беру газеті» ЖШС. Тіркеу туралы куәлігінің нөмірі №16015-Г Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетімен 02.06.2016 жылы берілген. Жазылым индексі 64603.

Бас редактордың орынбасары: **Миргуль Джилкишинова**
Шығарушы редактор: **Жанет Сүлейменова** (тел. 87015304959 – жарияланымдар бойынша)
Bilimdinews.kz сайтына қатысты сұрақтар бойынша – 87018798680
Дизайн және беттеу: **Эрик Муратов**

**Редакция мекен жайы:**
ҚР, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр к-сі, 58 А НП 18.
**E-mail:** bilimdi_el@mail.ru

Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды. Газет жарияланымдарындағы фактілер мен мәліметтердің шынайылығына авторлар жауапты, ал жарнамалар мен хабарландырулар бойынша жауапты тұлғалар – жарнама берушілер. Газет «Астана Интер-Трейдинг» ЖШС баспаханасында басылған, Астана қ-сы, Жұбанов к-сі, 24/1.

**Таралымы:** 15 000 дана
**Тапсырыс:** 108
Газет апта сайын сейсенбіде шығады

ПО СЛЕДАМ ПРАЗДНИКА

# В гостях у сказки




**В Международный день защиты детей Издательский дом «Көкжиек-Горизонт» совместно с Национальной библиотекой Республики Казахстан организовали культурное мероприятие в городе Алматы, куда были приглашены дети из коммунального государственного учреждения «Кризисный центр «Жансая» акимата города Алматы, дети из этнокультурных центров, а также родители и школьники.**

Это была не просто презентация книги сказок «Я вам сказки расскажу. Сказки народов Казахстана», а настоящий праздник для детей, концертная программа с выступлениями юных артистов из этнокультурных центров, поздравления с праздником от официальных лиц и, конечно же, подарки.

В своей речи Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев акцентировал внимание на том, что одной из главных задач государства является создание благоприятных условий для всестороннего развития подрастающего поколения.

«Мы живём в большой, многонациональной стране. Духовное богатство Казахстана складывается из мудрости, веками формировавшихся нравственных ценностей всех народов, проживающих вместе, а это более 130 национальностей. Характер каждого народа во всех своих гранях раскрывается в сказках. Они помогают лучше понять друг друга. Сказки пробуждают интерес к культуре народов, живущих рядом с нами. Читая сказки своего народа, любя их, зная, мы ещё больше ценим свою Родину. Читая сказки других народов, мы становимся человеком мира», – говорит составитель сказок Новосельцева Наталья Владимировна.

Цель данного мероприятия – мотивация детского чтения, воспитание уважительного отношения к людям разных этносов, поддержка детей в кризисных ситуациях.

Все дети получили полезные подарки в виде книг от Издательского дома «Көкжиек-Горизонт», а также сладкий подарок в виде мороженого от президента компании «Шин Лайн» Шин Андрея Антоновича.

Среди гостей мероприятия – представители Академии наук Кыргызской Республики и Республиканского Дома дружбы. Кроме того, участие приняли представители Министерства культуры и спорта РК, Министерства просвещения РК, Книжной палаты РК, Республиканской научно-педагогической библиотеки и другие.

**Ляззат ТУРКЕСТАНОВА**





ХАБАРЛАНДЫРУ \ ОБЪЯВЛЕНИЕ

**«Білімді ел – Образованная страна» газетіне енді Қазпоштаның сайты мен Post.kz мобильді қосымшасы арқылы жазылуға болады!!!**

Ол үшін клиенттерге: **https://post.kz/internet-subscription** сілтемесі бойынша тіркелу немесе телефонға **Post.kz** қосымшасын орнату қажет.

Басылымды фильтр көмегімен немесе тез іздеу батырмасы арқылы **64603** индекс пен ***«Білімді ел – Образованная страна газеті»*** басылым атауын теру жолымен таңдауға болады. Жазылу үшін басылым санын, 6 ай жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банк картасымен төлем жасауы керек.

*Қызмет 24/7 қолжетімді* және жеткізілім клиент көрсеткен мекенжай бойынша іске асырылады.

**Оформить подписку на газету «Білімді ел – Образованная страна» теперь можно онлайн на сайте Казпочты и в приложении Post.kz!!!**

Для этого клиентам необходимо зарегистрироваться по ссылке: **https://post.kz/internet-subscription** или установить в телефоне приложение **Post.kz.**

Введите индекс **64603** и наименование газеты ***«Білімді ел – Образованная страна»*** в строке быстрого поиска или с помощью фильтров. Для оформления подписки клиенту необходимо указать количество комплектов, срок подписки 6 месяцев и произвести оплату платежной картой любого банка.

*Услуга доступна 24/7,* доставка осуществляется на адрес, указанный клиентом.




**Уважаемые читатели, идет подписка на республиканскую образовательную газету «Білімді ел – Образованная страна» на 2023 год!**

Вы можете оформить подписку во всех отделениях АО «Казпочта», а также онлайн на сайте Казпочты и в приложении Post.kz

**Подписной индекс – 64603.**

**Стоимость подписки на 2 полугодие 2023 год:**
4380,00 тенге (город),
4483,20 тенге (село).




*Дорогие педагоги, руководители и работники организаций образования, родители учащихся, спешите оформить подписку на любимую газету!*